

# Арқалық жота

М. Әлиакпаров

---



# Арқалық жота



М. Əлиакпаров

2023

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84 (5Қаз)  
Ә 54

Ә 54 М. Әлиакпаров Арқалық жота  
ТОО «Типография Арко». 2023. 100 бет.

**ISBN 978-601-204-542-0**

ҚР ҰҒА-ның академигі, медицина ғылымдарының докторы, құрметті профессор, ҚР суретшілер одағының мүшесі Мақаш Тыныштықбайұлы Әлиакпаровтың бұл кітабына казак халқының ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтың «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі Ғазизаның тағдыры – зұлымдық пен өктемдіктің, қатыгездік пен арамдықтың құрбаны болған қыршын өмірі қылқалам суреттерімен безендірілді. Сонымен қатар автор Күшікбай кезеңі Арқалық жотасының тарихына ерекше тоқталды. Кітап қалың жұртшылыққа арналады.

**Редактор** — ф.ғ.к. Маретбаева Марина Абильжановна.

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84 (5Қаз)



**ISBN 978-601-204-542-0**

© М. Әлиакпаров, 2023

## Андатпа

Мұхтар Әуезов шығармашылығындағы адам бойындағы пәктік пен сұлулықты әділетсіздік пен азғындыққа қарсы қоя, жарыстыра суреттеу шеберлігі қазақ әдебиетіне классикалық психологиялық прозаның үлгісін әкелді. Жазушының «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесі көркем өнердегі дәстүрлі үрдістің бірі – пейзажды суреттеумен басталып, табиғат, адам, қоғам тұтастығының көрінісі сөз болады. Әңгіменің ой ағысы, символикалық мән мен психологиялық параллелизм секілді тәсілдер автор образының дара поэтикасымен сипатталады. Әлеуметтік орта қорғансыз еткен жандардың жан әлемін бейнелеуде Әуезовтің ұлттық шеңберден асып, жалпы адамзаттық болмысты іздеуге барғанын анық байқаймыз. Жалпы, М.Әуезов әңгімелері – адам рухын, адам психологиясының шексіз әлемін ақтару арқылы заман мен орта, ұлт және мемлекет арақатынасындағы құбылысты мейлінше сезімталдықпен бедерлеген дүниелер.

Қалаға қатынасатын көңілсіз қара жолдағы Аркалық тауы «Не бауыры, не сыртында ықтыртын жоқ ысқаяқ. Аркалық жадағай, жалғыз қабат болған соң қыс күнінде жел терісінен соқса да, оңынан соқса да паналығы жоқ, азынап тұрады». Табиғаттың жұпыны көрінісін суреттеу арқылы автор көңілсіз тыныс-тіршіліктің беймәлім сырын ақтарғандай болады. Бұл жерді мекен ететін адамдар әрекетінде де шектеулілік, дәрменсіздік бар.

Автор басынан табиғат, адам, қоғам тұтастығын қамти қозғайды. Осы тұста әңгіме өзегіне айналған Күшікбай батыр туралы аңыздың да шығарма идеясын ашуда үлесі зор. Жол бойындағы биіктің бірінде «тастан үйген оба секілді жалғыз мола Күшікбайдікі. Кезең де сол себепті Күшікбай атымен аталған. Бар жоғы жиырма бір жасында дүние салған Күшікбай ерте күннен жортуылға аттанып, уақтың көп батырларының арасында бұғанасы қатпағандығына қарамай, талай қиын-қыстауда ақыл тауып, қажымай қайрат, ерлік көрсеткен. Осындай өнерінің арқасында ерте күннен батыр атын алған екен».

«Қорғансыздың күнінде» арамдықпен жасалған зұлымдық-жауыздықтың жиіркенішті суреті жеріне жеткізіле көрсетілген. Әңгімедегі оқиға ағымы қорғансыздың күні қашан да қорғансыз, олар қашан да әділетсіздік пен озбырлық құрбаны деген ойға жетелейді. Қорғансыздың көрген күні – аянышты тіршілік. Әңгіме аты да осындай идеялық ойды меңзейді. Ғазизаға жасалған қаскөйлік сонау Күшікбай өлімінің тақсыретін тартушылықтың бір парасы.

Күшікбай заманынан қорғансыз қалған ел қалың қатпарлы кесел-қырсықтан көз аспаған. Көшбасшыдан көз жазған елдің есесі кетіп езілетіні, қала жақтан қара жолмен келген «жауыздықтың қолында бір ойыншық» болатынын тұспалдау бар, әнгіме мәнісін де осы тұстан аңғаруға болады.

Бұл кітапты қолға алған сәттен бауыры бораннан босамайтын, бұдыры жоқ жалаңаш Арқалық сипаттала бастайды. Қазақ жұртының жарасынан сыр шерткен бұл шығарма ешбір оқырманды бейжай күйде қалдырмайтыны анық. Елім, жерім деген әрбір азаматтың парызы – тарих беттерінен сыр шертетін ұлттық мұрасын дәріптеп қана қоймай, сол мұраның тіршілілігіне дем беріп, үн қосу. Осы орайда көркем шығарманың ішкі иірімін бағдарлауға ден қойдым. «Арқалық жота» атты очерктік кітабымда оқиғаның негізгі желісін графикалық туынды ретінде ұсынамын. Проза мен графиканың мұндай үйлесуі – Мұхтар Әуезов шығармаларының халқына деген ерекше махаббаттан туғандығының, уақыттың нұры дарығандығының тағы бір айшық көрінісі.

*Автор*

Аркалық жотасының тумасы,

Орынбасарқызы Биғайша анама арнаймын.

*Жас көңілде жарық бар,  
Кәріде кемдік анық бар...  
Бүгіліп бөлің,  
Таусылып әлің,  
Аяқ пен бөлің құрысып,-*

деген Шәкәрім Құдайберді бабамыздың кәрілік туралы ой қозғаған жыр жолдарындағы осы бір кемдікті жасым өткен сайын қатты сезінетін болдым. Жылына екі рет Мерке санаториясына барып, радон суымен емделіп жүргеніме біраз уақыт болды. Мерке – жазық дала мен таулы, өзенді жер. Ауасы таза, халқы бауырмал, мейрімді, патриоттық сезімдері зор. Өз батырларын ерекше мақтанышпен айтады. Оның бірі – Мұрат Әуезов туралы. Ол 1943 жылдың 1-қаңтарында Жамбыл облысының Мерке кентінде казактың жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов пен Фатима Ғабитованың отбасында дүниеге келген. М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің шығыс тілдері институтын «Қытай филологиясы» мамандығы бойынша бітірген. ҚСРО Ғылым академиясының әлем әдебиеті институтында әдебиет теориясы бойынша филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. Қазақстан Журналистика академиясының жалпы жиналысы арқылы академияның толық мүшесі болып сайланды. Мәдениеттанушы, ғалым, дипломат, мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақстанның Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі (1992-1996). «Жас тұлпар» бейресми жастар қозғалысы мен «Невада-Семей» қоғамдық қозғалысын ұйымдастырушылардың бірі. Мұрат Әуезов Меркенің Құрметті азаматы. Ол еліне келгенде үлкен қуанышпен: Мен Меркедемін! Бұл жер Менің кішкене Отаным. Мен осы жерде туғанмын,-деп туған жеріне деген шексіз ілтипатын, мақтанышын айқара көрсететін дейді, көзкөргендер.

Ел-жұртының Мұрат жайындағы жылы сөздерін естіп, шынайы көңілдерін көре отырып, өзімнің онымен таныс қана емес, жолдас болғаным қуантады. Ер-азамат үшін елінің құрметіне бөленіп, ризашылығын алғаннан асқан абырой-бедел бар ма?!

Ол кісінің өмір жолын саралағанда оның әрбір ісінің тиянақты, ойларының орасан терең екеніне күмәнсіз көз жеткізесіз. Кешегі күннің бүгін тарихқа айналуы – есте еш өшпейтін естеліктердің нәтижесі.

Сонау бір күндерден...

1997 жылдың маусым айы. Абайдың мемлекеттік тарихи мәдени және әдеби мемориалдық қорық-мұражайының төрағасы Төкен Ибрагимов телефон соқты.

- Мәке, Семейде Мұхтар Әуезовтің 100 жылдық тойы өткелі жатыр. Соған сені шақырып отырмыз. Сенің суреттерінің басты тақырыбы мен мазмұны Абай, Шәкәрім, Мұхтарлармен тікелей байланысты ғой. Әрі сол кісілердің туып-өскен мекендерінен де сыр түйген көптеген туындыларын бар емес пе?! Осыған байланысты сурет көрмесін жасауға қалай қарайсың?



М.Әлиакпаров және М.Әуезов. 1997ж.



- Жаксы, Төке! Тойға міндетті түрде барамын. Бірақ майлы бояумен салынған үлкен суреттерді апара алмаймын,- дегенімде ол: - Онда графикалық суреттерінді алып кел, - деді.

Әнгіме аяқталды, шешім қабылданды.

Күн артынан күн өтіп, әрқайсымыз күйбең тіршілік етудеміз. Шілде айының басында, сұрағанға іздеген демекші, құда түсу рәсімімен Қарағандыға Төкен жолдасым келіпті. Жұмыс кабинетіме арнайы келіп сәлемін бере, Семейде өтетін Мұхтар Әуезовтің халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына шақыру билетін ұсынды. Әрі қарай ол жігіттің өтініші бойынша мен біраз енбек жасадым...

Осылай жолдасым Төкеннің шақыруымен шілденің 23-ші жұлдызында суреттерімді аркалап, атқан таңның алдымен Семейге жол тарттық. Күн ыстық, жол ұзақ. Қайнап тұрған шілде айы. Сөйткен ауыз құрғатар аптапта Сарыарканың сайын даласын қиялай өтіп, кешкі сағат бестердің шамасында өліп-талып Семейге зорға жеттік. Басындағы келісім бойынша бірден сол жердегі «Ертіс» қонақ үйіне аялдадық. Бір өзіме жеке бөлме әзірлеп қойыпты.

Күні бойғы ыстық пен ұзақ жолдан шаршағаным сондай, ешқайда баруға зауқым соқпай, соның ішіндегі салқын сумен жан шақырып, ұйқыға бел бастым.

Қонақ үйде мені қарсы алған мемориалдық қорық-мұражайында істейтін қыз баланың: Танертең сағат 8-де жолығамыз дегенін есіме сақтап алғаным бар, танертең ерте тұрдым. Сонан жазған кітаптарым «Ізгілік» пен «Ахатты» алып, қонақ үйдің бірінші қабатына түстім. Қарсы алдымнан Мұханның ұлы Мұрат Әуезов шықты. Көптен бері аңсап, жолыға алмай, таныса алмай жүрген адамымды кездестіргенде, өз көзіме өзім сенбедім. Мұраттың қасына қалай жетіп барғанымды да білмей қалыппын. Келген бойда: - Мұха, сәлеметсіз бе, тойыңызбен құттықтаймын! - дедім де, өз аты-жөнімді айтып, қолымды ұсындым. Сонау студент, аспирант кезімнен арманымдағы танысудың бір сәті түспей жүргенін де тілге тиек еттім.

- Мен де сіз туралы көп естігенмін. Міне, бүгін кездесудің сәті түскен екен, - деді Мұрат та қуанышты көңіл-күймен. Екеуміз әңгімелесе келе, бір-бірімізді баяғыдын билетін сырластай күйде болдық. Байқаған бір ерекше қасиетім, бойында ешқандай өзімшілдігі жоқ, қарапайым да сыпайы екен. Сондай-ақ адамдарды



Абайтанушы каламгер  
К. Мұхамедханов. К., фломастер. 1997ж.

жақсы түсінетін адамгершілігі мол жігіт. Оның үстіне қазақша-орысша екі тілге бірдей, сөзге шешен. Әңгімені сөйлесіп отырған адамның қабілетіне қарай өрбіте алатындығы маған ерекше ұнады. Бұл кез келген адамның қолынан келе бермейтін қабілет.

Сөз арасында мен Мұратқа өз жазған кітаптарымды ескерткіш ретінде тарту еткем. Кітаптарым ұнаған болуы керек, қайта-қайта алғысын айтып, арқамнан қағып, қолымды қысты. Одан әрі екеумізді машинаға отырғызып, басқа делегация мүшелерімен бірге «Семей» қонақ үйіндегі ресторанды алып келді.


Осы жерде таңғы асымызды ішпекші болдық. Дастархан басында Әуезов үйі ғылыми-мәдени орталығының директоры, жазушы – Т.Жұртбаев; Қазақстан Республикасының Ғылым академиясындағы Абайтану бөлімінің ғылыми қызметкері – Б.Байғалиев; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы – Д.Досжанов; Қазақстан Республикасының Ғылым академиясынан филология ғылымдарының докторы – Ж.Тілепов; филология ғылымдарының кандидаты – С.Қорабаев; Өнертану ғылымдарының кандидаты – Б.Нөгербек; Алматыдағы Әуезов үйінің қызметкері – Р.Досымбекова және тағы да басқа қонақтармен танысудың сәті түсті.

Екі күндей осы аталған азаматтармен бірге жүріп, сырлас болып, өзіме үлкен рухани байлық жинағандай күй кештім.

Біз келген күннің ертеңінде таңғы сағат 9-да Абайдың мемлекеттік қорық мұражайында Ғылыми кеңеске қатысушылардың тіркелуі басталды. Сол арада Төкен Ибрагимов мені басқа жақтан келген бірнеше делегация мүшелерімен таныстырып өтті. Олар: Қырғызстан елшісі – А.Р.Рысқұлов; Өзбекстан елшілігінің мәдениет мәселелері жөніндегі бірінші хатшысы – Т.А.Юлдашев; Қырғызстанның халық жазушысы, Токтағұл сыйлығының лауреаты – Ш.Бейшеналиевтер болатын.

Қонақтардың ішінде Мұханның шәкірті және досы Қайым Мұхамедханов ағамызды көзім шалды. Қасына барып сәлем беріп, хал білістім.

Тіркелуден кейін күмбезді бөлмеде «Мұхтар Әуезов» атты көркем кино-журналы көрсетіліп, одан әрі М.Әуезовтың 100 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының ашылуы жарияланды. Ашылу рәсімін Семей қаласының әкімі



Делегаттардың сурет сызбалары. Қ., фломастер, 1997ж.

В.С.Бутин мырза жасады. Одан кейін Мұхтар Әуезовтің шәкірті әрі досы К.Мұхамедханов сөз алып, біраз естеліктерге ой жүгіртті:

- Мен Мұхтар ағаны осыдан 75 жыл бұрын 1922 жылы алғаш өзіміздің, яғни әкемнің үйінде көрдім. Онда алты жастағы баламын. Сол уақыттарда Исайын дейтін әншінің гармонмен ән салғанын, атақты Әміренің ән шырқағанын да көріп едім. Сол жас бала көңілімде, ақ қағаздай таза көңілімде Мұхаңның ұлы бейнесі: бұйра шашы, кең жазық маңдайы, күлімсіреп қарап отыратын көздері мәңгілікке қалып қойғандай.

1935 жылдан бастап Мұхаңның ақыл-кеңесін ұғып, насихатын тыңдап, оларды іс жүзінде жүзеге асыра алатын дәрежеге жеттім. Әрі қарай Мұхаңның шәкіртіне айналдым. Ол кісі менің туған әкемнің інісіндей болып кетті. Біздің үйге ылғи да көңілі жақын адамдарын жиып алып, әр алуан маслихаттарын өткізіп жататын. Сондайдың бірінде: «Адам баласының бақыты үшін туатын ұлы тұлғалар болады. Олар адамзатпен бірге жасасады. Аспандағы мәңгі жарық жұлдыздай болып, көкте жарқырап тұрады» - деуші еді. Қазір қарап отырсаңыз, Мұхаң сол өзі айтқан сөздердіндегідей дәрежеге көтерілген ұлы тұлғалардың бірі екен.

Мұның барлығы біраздан бері айтылып та, жазылып та жүр ғой. Бұған тоқталмай-ақ қояйын. Енді мұражай жайында бірер сөз...

Осы Абай мұражайын ашу туралы идеяны Мұхаң 1939 жылы қозғаған. 1940 жылы Семейдегі біздің үйде бір ай жатты. Сонда мені қасына ерте жүріп, «мұны қалай ашу керек?» деп өз-өзіне сұрақ қойып, сосын сол жердегі бұрын Абайдың тұрған үйлерін тегіс қарап шықанымыз бар. Ең соңында Бекбай деген кісінің үйіне тоқтап, әлгі үйді мұражай қылсақ қайтеді дегендей ойды көп адамдардың талқысына салып, ақылдасқан еді. Мұражай жайында газеттерге мақала жариялап, архивтерді ақтарып, бәрін өзі ұйымдастырған болатын. Алғашқыда Семейдегі белгілі бір фотографты шақырып, сонан екі жүздей сурет алған. Абайдың баласы Тұрағұлмен түскен суреті тек қана Мұхаңның қолында ғана сақталған. Бұл сурет – әуелі Абайдың баласы Мекайылда болып, 1930 жылдары ол атылған соң, Қырғызстан жағына өтіп кетіп, 1933 жылы қайтадан Мұхаңның қолына түскен ең құнды, әрі алғашқы экспонаттарының бірі ретіндегі суреті. Басқа да Абайға қатысты барлық материалдар мен суреттерді жиыстырып, сол



Абайдын мемлекеттік қоры мұражайының  
бас директоры Т.Ибрагимов. К., фломастер. 1997ж.

мұражайдың шаңырағын көтеріп, негізін салуда Мұхаң көп еңбек сіңірді. Осы мұражайды ашқаннан кейін: «Бұл болашақта қандай болу керек?» деген сауал қойып, оған: «Пушкин мұражайындай, басқа да Еуропадағы ірі-ірі мұражайлардай рөл атқару керек! Мұнда тек Абайдың ғана мұралары емес, Абайдан бұрынғы және кейінгі ақын-жазушылар да бұл арадан орын алуы тиіс. Олар да толықтай зерттелуі қажет. Сондай-ақ жыл сайын мұражай ішінде жаңа бөлімдер ашылып, толықтырылып отырылуын қадағалау керек»-деген маңызды ойларын ортаға салған. Әрі жауап ретіндегі осы айтқандарын дер кезінде орындап та шыққан.

Оған дәлел, «Абай мектебі» деген саланың негізін қалап, соны тұрақты түрде жүргізіп отыратын басшысы болды. Осылай қайран Мұхаң, барлық іске балаша өзі жүгіріп жүріп, бұл мұражайдың да ғылыми негізін салып бергені бар.

Бастапқы уақытта мен де Абай мұражайында аға ғылыми қызметкер болып істедім. Содан 1947-1951 жылдар аралығында мұражай директоры болдым. 1951 жылы осы қызметте жүргенімде түрмеге жабылып айдалып кеттім....Құдайға шүкір, бүгін міне барлық ауыртпалықтар артта қалып, мынадай үлкен қуаныштың үстінде отырмыз. Сондықтан да бүгінгі бас қосып отырған Мұхаңның 100 жылдығына арналған мәслихатымыз және ұлы жазушының ғасырлық мерейтойы қайырлы, құтты болсын!

Қайым ағадан кейінгі сөз кезегі Қырғызстан Республикасының төтенше және өкілетті елшісі А.Р.Рысқұловқа берілді:

- Ардақты ағайын-туғандар! Мұхтар Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына арналған бүгінгі тойымыз құтты болсын! Мен сіздерге, бауырлар, Қырғыз халқының атынан, сол елдің президенті Асқар Ақаевтың атынан ыстық сәлемімді айтқым келіп отыр. Біз қойымыз қоралас, ауылымыз аралас халықпыз. Арамызда: «Бір түйенің қос өркешіндей, бір биенің екі емшегіндей егіз жатқан елміз» деген ұлы сөз және бар. Қай уақытта болса да біздің қуаныштарымыз да, қиын-қыстау кезеңдеріміз де басымыздан бірге өтіп келеді. Осындай зор жақсылық, қуаныштарда бірге бас қосудың өзі үлкен бақыт. Сіздер ұлы Мұхаңның торқалы тойын бүгін бастап отырсаңыздар, біз бұл тойды шілденің 11-15 күндерінің аралығында Бішкекте өткізгенбіз. Біздің рухани байлықтарымыз ортақ. Басқасын айтпағанның өзінде, Мұхтар Әуезов пен Шыңғыс Айтматовтың арасындағы творчестволық әрі



Жазушы Д.Досжанов және М.Әлиакпаров 1997ж.



- адамгершілік байланыстар бізге үлкен мектеп боларлықтай!- деп ойын түйіндеді.

Соңғы құттықтау сөзді Абайдың мемлекеттік қорық мұражайының бас директоры Т.С.Ибрагимов алды:

- Мәртебелі қонақтар, құрметті мырзалар, ағайын-туыс! Осынау киелі топырақтың ұлы адамдары Абай, Мұхтар туған бұл араны басқан қадамдарыңыз құтты болсын! Абай мен Мұхтардың мерейтойына арналған ғылыми конференциялардың бұл арада өтуі тектен тек емес. Өйткені қазақ рухы – Абай мен Мұхтар! Бұлар бір-бірінен еш айырып алғысыз ұлы тұлғалар. Міне, бүгін хош келдіңіздер! Барлықтарыңызға келгендеріңіз үшін көп-көп рахмет айталмын!

Арада кішкене үзілістен кейін лекция бөлмесіне көтеріліп, Қ.Мұхамедханов пен Т.Ибрагимовтің жүргізушілігімен өткен «Әуезовтанудың проблемалары» атты лекцияға қатыстық.

Бірінші баяндаманы «Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы» деген тақырыпта Әуезов үйі ғылыми-мәдени орталығының директоры, жазушы Т.Жұртбаев жасады. Баяндамадан қысқаша үзінді:

- Ғаламзаттың ұлы лебі Құран кәрімде: Даналыққа жасаған құрметің – әуелі Аллага жасаған құрметтің; даналыққа жасаған құрметің – сонан кейін Пайғамбарға жасаған құрметің; даналыққа жасаған құрметің өзіңе-өзің жасаған құрметің,-деп жазылған екен.

Біздің ұлы Абайдың шаңырағының астында ұлы Мұхтарға жасаған құрметіміз – ұлтымызға, жалты рухани мәдениетімізге, әрі өзімізге көрсеткен құрметіміз деп білуіміз керек.

Мұхаң – қазақ халқының, жалты игі түркі халқының тағдыры шешіліп жатқан кезде дүниеге келген. Оның білім Қағбасы – Абай, білімі Меккесі – Жидебай болды.

...1917 жылы күзде Семейде Мұғалімдер семинариясында оқып жүрген барлық семинаристер алаш әскеріне жазылып, сонан тәуелсіз алаш елін қорғауға жасақ құрған. Ол кезде Мұхтар Әуезов сол жерде оқуда еді. Демек, Мұхаң алғашқы алаш жастарының бірі болғаны сөзсіз. Тарихпен байланыстырып айтқанда, тәуелсіз мемлекетіміздің сол кездегі мықты бір уығы болып жиырма жастағы жас Мұхтар қадалған екен.

...ескертетін бір жайт, 1919 жылы 1 желтоқсан күні Мұхаң Кеңес үкіметіне қызметке кіреді. 18 желтоқсанда сол төңкеріс



М. Әуезовтің 100 жылдық конференциясында. Семей. 1997ж.

Комитетінің жетекшісі қызметкері болады. 24 желтоқсанда Қазақ бөлімін басқарады. 1920 жылы осы Семейдегі клуб исполкомның төрағасы болады. Осыған қарап біреулер Мұхаңды Кеңес үкіметіне қалтықсыз қызмет еткен деп көрсетіп жүр. «Әуезов – кеңесшіл болды, Алашты сатып кетті» дейтін де пікір таратушылар кездесіп қалады. Мұхаңның ол кезеңде Кеңес үкіметіне қызмет қылуының өзі саясат еді. Өйткені соның алдында ғана Алашорда басшылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтар: «Біз алаш идеясын, қазақ елін сақтап қалу үшін үкімет басында отырғандарды ақ немесе қызыл деп бөлмей өз саясатымызды жүргізіп отыруымыз қажет» деген үндеу қабылдайды.

Бұл жас та зерек Мұхтардың сол ағалар өсиетін орындап жүргендегісі еді.

... Алаш партиясының алғашқы мүшелерінің бірі ретінде танылған Мұхаңның қазақ елінің территориялық тұтастығын сақтап қалуда басқа да алаш арыстарымен қосылып жасаған көп еңбегі болған. Қысыл-таяң кезеңдерде қазақтың тілін мемлекеттің өз ұлтымыздың атымен аталуын аман алып қалуға да айтарлықтай үлес қосқан.

1922 жылы қатты ауштық болғанда, қырылып жатқан қазақ елін аяп: Маған мұндай Кеңес үкіметінің қажеті жоқ,-деп партбилетін лақтырып, партиядан шығып кеткен де кездері бар. Сол жылдардан бастап, 1930 жылдарға дейінгі қазақ елінің басындағы үлкен рухани күрестің басықасында жүрді. Іштей ширыққан бұл рухани күрес – ұлттық санамыздың оянуына түрткі боларлықтай негізгі дәндері еді.

...Мұхаңның маңдайына біздің рухани тағдырымызға байланысты барлық жайлар жазылған екен. Өз өмірінде Мұхаңды бірнеше рет құдалауға ұшыратқан. 1930 жылы Ташкент қаласында түрмеге жабылды. Одан ақталып шығуына Ахмет Байтұрсынов себепкер болған екен. Көпті көріп, тең тәжірибе жинақтаған Ақаң:

Біз алған бетімізден енді қайтпаймыз. Ал, Мұхтар, мына Әлімхан екеулерің бәрін мойындап, Кеңестер жағына өтіңдер. Сендердің тірі қалғандарың – Алаш идеясының тірі қалғаны! Кейінгі толқынға біздің қозғалыстың тірі куәсі ретінде жетесіңдер. Сондықтан айтқанымызға көніңдер, - деп өзінің көреген де ұлы ойын Мұхтар мен Әлімханға түсіндіріп, хат жазбақшы болды. Әлімхан Ермеков бұл терең ойды тез түсінгендіктен. Ақаң айтқанындай, бірден Кеңес үкіметін мойындап, келісімін береді. Әрі Мұхтарды да

үгіттей түседі. Әуелі көпке дейін бұл істі мойындамаған жас Мұхтар ақырында мойындап, қолын қояды. Кейіннен осы үгіті үшін Мұхтар Әлімханмен араласпай кеткен екен.

... Мұхаң 1946-49 жылдары да тарихи тақырыпта шығармалар жазғандығы үшін құдалау көрді. 1949-51 жылдар және 1953 жылы тағы да соңына шырақ алып түскен.

...Солақай саясаттың кесірінен қаншама асыл уақытын, қаншама өнімді жылдарын үрей мен қорқыныштың шырмауында өткізгенімен, Мұхаңның ұлылығын танытатын кесек туындылары ұлтымыздың ұнайын түгелдеп, рухани байлығымыздың алтын қорына айналды.

Р.Тагор бір сөзінде: Адамзаттың мәдениетіне ортақ үлес қоспаған халықтың өмір сүруіне қақысы жоқ,-деген екен. Осы орайда, Абай – қазақ халқының ұлы ақыны. Сол ұлы ақын жайында Мұхаңның дүниежүзілік мәдениетке қосқан үлесі – қазақ елінің мәңгі жасауына, мәңгі жарқырап тұруына жол ашқандай емес пе!

Тұрсын Жұртпайдың кесекті сөздері мен тарихи шындыққа негізделген түйінді ойлары көпшілік зердесінен зиялы орын алғаны сөзсіз.

Мұхтар Әуезовтің өмірбаянына байланысты сирек кездесетін архив деректері жөнінде Қ.Р. Ғылым академиясының Абайтану бөлімінің ғылыми қызметкері Б.Байғалиев баяндама жасады: ...Тарих – ұлы тұлғаларды танудан басталады. Егер біз Абайды, Мұхтарды танытын болсақ, онда біздің мінезімізді, жалты кім екенімізді басқа жұрт білетін болады. Ал, бұлар танылмай жатып, «біз қазақпыз» деп күнде той жасап, өзімізді өзіміз таныта алмаймыз. Мен өз басым азды-көпті біраз жылдар архивте жұмыс жасадым. Сонда сонау Абайдан бастап бірталай алаш азаматтарының өмірбаяндарына қатысы бар деректер жинадым. Соның ішінде осы Мұхаңның да өмірбаяны туралы жинағандарым бар.

Мұхтар Әуезовтің өмірбаяны екі архивтік документ сипатында кездеседі. Біреуі – архивтік документтер. Патшалық уақытта осы Семей төңірегіндегі мекемелерде кездесетін іс қағаздарындағы архив документтері. Екіншісі – туғаннан бастап, қайтыс болғанға дейінгі шығып тұрған баспасөз беттерінде кездесетін архивтік документтер. Мұхаң мұнда жазушы, ғалым ретінде көрінген.



Конференция делегаттары. 1997ж.



М. Әуезовтің шәкірті және досы Қ.Мұхамедхановпен (ортада)  
естелік сурет. 1997ж.

Ең алғашқы документтер Мұхаң туған 1897 жылдан бастап, Қазан төңкерісіне дейінгі патша әкімшіл мекемелерінде сақталған. Ол Шыңғыс болысында ұшырасады. Кезінде «Шыңғыс болысының ғылыми сипаттамалары» деп аталған. Оның жан саны, табиғаты бәрі-бәрі суреттелген әдемі есеп-исем бар. Екіншісі, Мұхаң оқу оқыған мектеп-гимназиялар мен семинарияларда сақталған документтер. Мұхаң оқып жүрген кезде Солтабеков деген болыс болған екен. Соның берген документінде Мұхаңның туған күні 5 қыркүйек деп көрсетілген. Мен оның бір нұсқасын Ләйлә апайға бергенмін. Ол кезде бірге жұмыс жасағандықтан Ләйлә апайға өз қолыммен Мұхаң жайындағы 17 документті тапсырған едім. Қазір соның көшілігі табыла қоймай жатыр. Бұйырса, алдағы уақыттарда табылып қалады деген үміттемін. Онан кейінгі бір үлкен документтер – Мұхаңның айналасындағы ағалары мен інілерінің оқыған кездегі документтері. Ағасы Қасымбектің документінде ол 1914 жылы қайтыс болған деп көрсетілген. Қасымбек өте ауыр жағдайда күн кеіп, оқуын үлкен қиындықтармен оқыған. Архивтен ол кісінің 6-7 арыз хаты табылды. Онда жағдайының жоқтығы, ақшасының таусылғандығы, ештеңе болса да ақшалай көмек сұрағандары жайында жазылған. Бірақ соған қарамастан сабақты өте жақсы оқыған. Мұхаң да оқуды өте жақсы оқыған. Бір кластан екінші класқа мақтау белгілерімен көшіп отырған. Ал Ахмет деген бауыры жағдайы болмағандықтан оқуды тастап кеткен.

Осылардан соң тағы бір ерекше документ – Мұхаңның семинариядағы жағдайы. Кейбіреулер Мұхтарды семинарияда Жүсіпбек Аймауытовпен бірге оқыған деп жүр. Бұл қате пікір. Рас, Жүсіпбек те сонда оқыған. Бірақ екеуі бірге оқыған емес. Класстары бөлек болған.

Мұхаң семинарияны 1915-1919 жылдар аралығында оқытты. 1918 жылы төңкерістің салдарынан оқуды уақытша тоқтатып, еліне кетеді. Сонан 1919 жылдары қайта жалғастырады. Оқуды бітірерде аттестаттың орнына тек қана «бітірді» деген қағаз (справка) алған. Сол кездегі семинаристердің ішінен жалғыз Жүсіпбек Аймауытов қана толық бітірді дейтін аттестат алыпты. Ол архивте қазірге дейін сақтаулы.

..Мұхаңның әйгілі «Еңлік-Кебек» пьесасы көп айтылып жүр. Бұл туралы алғаш рет сонау «Сарыарқа» газетінде кішкене хабар



Кыргыз жазушысы  
Ш.Бейшеналиев. К., фломастер, 1997ж.

жазылған. Сонда алғаш қойылым жөнінде былай делінген: «Өткен май айының аяғында бір жерде отырған Абайдың он шақты ауылында 14-15 жастағы Игілік Мақсұтов бір ұйым ашты. Оның аты «Талап» болды. Ұйымға кіріскен талапты жігіттердің алды 100 сомнан, арты 10-15 сомнан ықтиярлы жарна салып, 500 сом жарна-ақша жиылды. Бұдан басқа ұйым мүшелері ай сайын 3 сомнан жинап, ұйым қазынасын толықтыратын болып міндеттеме қабылданды. Бұл ұйымның көздеген мақсаты, әлдері келгенше халыққа кітап бастырып беру. Онан кейін бұл ұйымның жігіттері Шәкәрім қажының «Еңлік-Кебек» дастанын театр кітабына айналдырып, Тұрағұл Құнанбайұлы мырзаның бір баласын ұзатқан тойында театрлық қойылымға негіздеп, ойнап көрсеткен. Мұны қойғандағы бұлардың парызы – Құлжадағы аш-жалаңаш адамдарға көмек бермек болғаны. Қойылым кезінде екі үй қанаттастырылып тігілген. Билеті 50 тиын болған. Жиылған халық саны: әйел-еркегін қосқанда – 100 адамнан асқан.

Театрлық көрініс ашылардың алдында семинарист Мұхтар Әуезов сол пьеса туралы, оның негізгі мақсаты жайында сөз сөйлейді. Жиылған ақша 54 сом 50 тиынды құраған. Құлжадағы аш-жалаңаш ағайындардың пайдасына жөнелту үшін жиналған ақша «Сарыарқа» басқармасына тапсырылған.

«Талаптың бір азаматы». Бұл – Мұхаңның Шәкәрім қажының «Еңлік-Кебек» дастанын өзінше алғаш сахналаған сәттері еді. Мұхаң ол кезде аталмыш «талап» ұйымының белді мүшелерінің бірі болатын.

... Тағдырдың тәлкегімен ХХ ғасырдың басында қазақ оқығандары Ташкент қаласына жиылған. Сонда қазақтың аяулы бір азаматы Халел Досмұхамбетов те «Талап» деген бір ұйым ашқан екен. Ол ұйымның ғылыми хатшысы Мұхтар Әуезов болыпты. Ұйым қазақ мәдениетін көркейту жөнінде көп еңбектер атқарған. Қазақша басылған жарғысы да болған. Сол ұйымда Мұхтар ғылыми хатшы болып жүргенде, басшылары Х.Досмұхамбетов, М.Тынышбаевтар қазақ мәдениетін дамыту жолында көптеген дәрістер (лекциялар) оқып жүрген. Сондағы үлкен дәрістердің бірі, Мұхаңның дайындаған баяндамасы – «Ілгеріленген қазақ әдебиетінің дәуірінен» деп аталады. Өкінішке орай осы бір құнды материалдар бүгінгі күндері табылмай жүр. Бұл әлі де тиянақты зерттеуді қажет етеді...».





М.Әуезов конференция кезінде. Қ., фломастер, 1997ж.

Мұхтар Әуезовтің жарияланбаған құжаттары жайында баяндау кезегін ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы Д.Досжанов алды:

... Мен осыдан біраз жылдар бұрын Мұханның өміріне байланысты, ол кісінің қуғын-сүргін көрген ауыр жылдарын арқау еткен «Мұхтар жолы» деген роман жазғанмын. Ол орыс тіліне аударылды. Енді міне соңғы кездердің жемісі болып табылатын жақында ғана «Алыптың азабы» атты кітабымды жарыққа шығардым. Бұл негізінен деректерден тұратын кітап. Мұханды біз қалай танып жүрміз? Кітап осы бір сұрақтың жауабы ретінде жазылған еді.

Қазіргі кезде Мұхтар Әуезовті біз қазақ халқын дүние жүзіне танытқан ұлы тұлға ретінде білеміз. Мұхаң қазақты әлемге таныту үшін Парижде, Лондонда дәрістер оқымаған, әрине. Тек, әрі ұзағанда Мәскеудің университетінде 1,5 жылдай лекция оқығаны бар. Ендеше, байқап қарасақ, Мұханның ұлтымызды дүние жүзіне танытуы – оның көркем шығармалары арқылы келген жетістік. Дәлірек айтқанда, сол көркем шығармасының ерекшелігінде жатса керек. Біз қазір соны ашуымыз қажет. Енді басқа жазушылардан көш ілгері тұрған сол ерекшеліктер жайында сөз қозғайық.

... Мұханның Сәбит, Ғабит сияқты сөз зергерлерінен дараланып көрінетін бір тұсы – сөз саптауындағы табиғи ырғақ (ритм). Мені Мұхаңа іңкәр қылған да осы құдыреттілігі еді. Қай прозасын алып қарасаңыз да, шабыты мол, өзінше ішкі ағыстардан құралғандай. Бұл әсіресе «Абай жолының» алғашқы екі кітабында анық көрінеді. Әдемі желісте жүріп отырады, әрі сөздің бояуын таба білген. Әттең басқа тілдерге аудармасында бұл ерекшеліктер сақтала бермеген.

Біз көбінесе: «барды; келді; алды; берді; бара жатыр; келе жатыр» деп сөйлемдерді құрғақ аяқтаймыз ғой. Ал Мұхаң мұндайда сөздің бояуын ағыл-тегіл тоғілдіріп, әдемі аяқтайды. Кейде етістіктерді сөздің басына шығарып, кейде аяғында қолданады. Қазақ өз табиғатында қалай шешен сөйлесе, Мұхаң да өз шығармаларында осы әдісті кеңінен пайдаланады.

.... Мұхаң қазақты өте жақсы көрген. Жақсы көрген деген жай сөз ғой. Ол кісі іштей тебіреніп жақсы көрген. Әсіресе драматургиясында, әңгімелерінде бұл қасиет анық байқалады.

... 1917 жылы Мұхаң коммунистік партия қатарына өткен. Ол туралы Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің документтерінде айтылған. Сонан бір кездерде партия қатарынан шығып та қалған.

Қайтадан өт деп қыстаған кезде Мұхаң: Мен өзім саясатқа шорқақтау едім. Сол саясатқа қатысым жоқ, әдебиетшіі ғана адаммын, - деп қайта өтуге зауқының жоқтығын білдіріпті. Бірақ бір-екі орыс жолдастары қоярда қоймай кепілдеме беріп, партия қатарына қайтадан өткізген екен. Бұл туралы сақталған деректер де бар.

... Қазір той деп жатырмыз. Осы қазаққа керек пе, жоқ па деп те жатырмыз. Меніңше, бұл тойлар мен еске алулар қазақтың өзіне-өзі қарауына, толық тануына қажет екен. Біреулер айтады: Қазіргі нарық заманында, реформа жүріп жатқан шақта көркем шығарманың қажеті қанша? ... Мәселен, мынаған қараңыз, бүгінгі күннің өзекті өртер толғақты мәселелерін Мұхаң сонау жиырмасыншы, отызыншы жылдарда-ақ өз еңбектерінде айтып өткен екен. Аштық жайлы, елдің ауыр тұрмысын бейнелейтін шығармаларын оқып отырсаңыз, жазушы құдыреттілігіне шынында да таң қаласыз. Яғни, өлмес-өшпес туындылар заманынан әлдеқайда озып туады. Бұған Мұхаңның көркем шығармалары толығымен дәлел. Әрі мұндай қымбат қазыналар қай заманда болсын адам баласына ауадай қажет деп ойлаймын. Біз осы жағын ашып айтуымыз керек. Мұхаңның ұлы дүниелері біздің әлі де көп керегімізге жарайтынын ұмытпағанымыз жөн. Әркім өзінің деңгейімен Мұхаңды іштей түсініп, шығармаларын шын ниетпен оқыса, нұр үстіне нұр болар еді. Мұхаңның алдағы уақыттарда 50 томдық жинағы шықпақшы екен. Алла- тағала соны бізге көрсетуге жазсын! Сол томдықтарды шығарушыларға бір-екі тілегім бар: Мұхаңның кезінде жазған көптеген хаттары әлі жарияланған жоқ. Олардың ішінде ауырып жатқан кезінде сонау Күнцеводан жазған хаттары, гашиқтық хаттары өз алдына бір-бір тарау. Фатима апамызға жазған хаттары баласы Мұраттың қолында болуы керек. Осындай ол кісінің гашиқ болған, жақсы көрген, сыйласқан адамдарына жазған хаттарының бәрін томдыққа енгізу қажет. Бұл – бір. Екіншіден, Мұхаң екі жылдай түрмеде отырғанда Ұлттық Қауіпсіздік комитеті жеті рет жауап алыпты. Сонда Мәскеу прокурорына, Голоцекинге, тағы басқаларға жазған арыз-хаттары баршылық. Бұлардың бірқатар қолжазбалары Мемлекеттік жауапты орындарда қатталып, тіркелген. Осы Ұлттық Қауіпсіздік комитетінде жатқан документтерінің бәрін жинап, коментарий жазып, жариялайтын күн туған сияқты.

Мұхаң 1932 жылы түрмеден шыққан соң, өзінің көптеген қолжазбаларын өртеп жіберген. Неге? Осы тұрғыда Мұхаңның

Гогольмен тағдырлас екенің тілге тиек етіп, мен кейінгі кітабымда бір тарау жаздым. Гоголь өз шығармалары жөнінде Белинскийдің сынына ұшырағаннан кейін, сол сынға жауап жазған да, оны ешкімге көрсетпей өртеп жіберген. Әрі «Өлі жандар» деген атақты туындысын да қоса жаққан екен.

Мұханның да Гоголь сияқты өз жазған дүниелерін өртеп жібергендегі көңіл-күйін шамал келгенше көрсетуге тырыстым бұл тарауда. Осынау жайлардың анық-қанығына тағы бір оралып, ескерсе екен деп ойлаймын.

...Мұхаңа қысылтаяң кездерде көп жәрдем көрсеткен орыс достары болған. Оны мен Мәскеу архивтерінде жүргенімде көп байқадым. З.Кедрина, К.Симонов, В.Иванов, Твардоский, сондай-ақ, сол кездегі КСРО Жазушылар одағының басшысы Фадеевпен әте дос, сырлас болған екен. Сол орыс достары өз елінде қуғын көрген Мұхаңа мәскеуде қолын созып, көмектерін берген. Оған дәлел, З.Кедринаның Мұхаң жайлы кітап шығаруы және 1952 жылы болған «М.Әуезовтің шығармасын талқылаған қаулы». Сол қаулыда: М.Әуезовтің шығармасында адам баласына жат ештеңе байқалмайды. Қайта осы кезде жанпай халықты сауттандыру үшін бұл шығарманы социализмге қосылған зор үлес деп бағалауымыз керек, - дегендей бір мәмлеге келеді. Осындай протокол күні бүгінге дейін сақталған. Мұны Фадеев тиісті орындарға дер кезінде айтып, төніп келген қара бұлттан Мұхаң осылай аман қалғанға ұқсайды.

Тағы бір айта кетерлік жайт: Мұханның әр кезеңдерде Мәскеуде, басқа да бірнеше жерлерде оқыған лекцияларын қалдырмай осы томдыққа ендірсек, ол кісінің ұстаздық белестерінің де тым биіктігін ел таныр еді... Ұлттық әдебиетіміздің уызына жарып өскен ұлы Мұхаң Еуропа әдебиетін де жетік білген. Сол Еуропада «авангардизм» дейтін үлкен ағым болған. Батыс әдебиетіндегі осы ерекшелікті, яғни ой ағымын Мұхаң өзінің «Қаралы сұлу» атты еңбегінде көрсете білді. Ой ағымы дегеніміз – шығарманы сырттай суреттеу емес, оны іштей ұғынып, ішкі ой ағысымен беру. Осылай қазақ топырағына тұңғыш рет «ой ағымы» деген стильді алып келген ұлы Мұхаң болатын, - деп түйінделген Д.Досжановтың ойталқысы көпшілік көкейіне қомақты ой салып, атқарылуға тиіс біршама міндеттің басын ашып берді.

Қырғызстанның халық жазушысы, Токтағұл сыйлығының лауреаты – Ш.Бейшеналиев өзінің «Әуезов және қырғыз әдебиеті» деген тақырыптағы маңызды ойларын келесідей саптады:

- Мұхтар Омарханұлы Әуезов – ұлы интернационалист адам. Ол кісінің қырғыз халқына жасаған еңбегі зор. Біздің ұлы жазушымыз Шыңғыс Айтматовтың болашағына бағыт сілтеуші ұстазы болып, оны дүниежүзілік деңгейге көтеріле алатындығына үлкен үмітпен қарап, зор сенім білдірген көрегендігі үшін Мұханның есімін қырғыз әдебиетінің бастау бұлағы, қырғыз халқының көне де сүйікті мұрасы – «Манасты» тар заманда, қайшылықтарға толы қиын уақытта өзінің ақ жүрегін тосып, ақ пейіл-ниетін танытып, дұшпандардан қорғап қалған осы Мұхан болатын.

Негізінен қазақ бауырларымызда «Манас» жайында үш адам ой қозғаған. Олар: Шоқан Уәлиханов, Әлкей Марғұлан және Мұхтар Әуезов. Мұхат Шоқан Уәлихановтың зерттеген «Манас» жырындағы «Көкөтай асы» деген бөлімін 100 жыл бойы жатып қалған жерінен тауып алып, жарыққа шығарған екен. Бұл – манастану ғылымы үшін қосылған зор еңбек.

Біз бүгінде Мұхтар Әуезовтің аруағы үшін, ол кісінің жазған туындыларын қырғызша басып шығармақ ойдалмыз. Ол мәселе Бішкекте өткен конференцияда қаралды. Мұхат «Манас» туралы мықты білген адам. Ол жайында бірнеше мақалалар жазып, сол тақырыпта ғылыми диссертация да қорғаған. «Манас» конференциясында Манас батырдың ел бірлігін сақтап қалу жолындағы орасан ерлігін және «Манас» жырының бірнеше нұсқасы бар екендігін ғылыми түрде алғаш дәлелдеп бергендердің бірі де Мұхтар Әуезов болатын.

КСРО Жазушыларының II съезінде «Манастың» көп тілдерге аударылуына түрткі болған да Мұхат екендігі баршаға мәлім. Осындай зор еңбектері үшін әрі қиын кезеңде «Манасты» қорғап қалғаны үшін бүкіл қырғыз халқы Мұхатқа бас иіп, құрмет тұтады. Тіпті қырғыз халқы Мұхатты өз жазушымыз, өз халқымыздың сүйікті ұлдарының бірі деп те бағалайды.

.... Осы Мұхатқа байланысты Бөлтірік Шорманов жайлы бір жайт бар.

Бөлтірік – батыр да балуан адам болған. Азамат соғысы кезінде Семей маңындағы Қызыл Армия қатарында соғысқан. Сол әскерде қызмет қылып жүрген кездің бірінде Ертіс өзенінің бір көпірінде ақтың әскерлерімен жалғыз өзі шайқасып, сол көпірді босатып берген екен. Осы ерлігіне разы болған Мұхтар Әуезов ол батырға өзінің жақын бір қарындасын алып беріп, әрі үй дайындап, сол жерде үлкен құрмет көрсетті. Сонан әлгі балуан-батыр Бөлтірік ол арада көп жылдар тұрақтап қалған. Кейіннен соғыс жылдарында

ғана Қырғызстанға қайтқан. Мұхаң сол Бөлтірік Шорманов жайында көптеген материалдар жинақтап, үлкен шығарма жазам деп те жүріпті. Қазіргі Бөлтірік мұражайында Мұхаңның Бөлтіріктің жанұясымен түскен суреті де сақталған. Ал Мұхаңның Бөлтірік жайында жазылған қолжазбалары бәлкім қазіргі зерттеушілердің қолдарына түсіп, болашақта жарық көріп те қалар...

Сөз соңында айтарым, ұлы Мұхаң өмір бойы туысқан халықтардың достығын, бауырластығын жырлап өткен еді. Сондықтан да біз туысқан қырғыз халқы, осынау ұлы жазушымыздың ғасырлық мерейтойы қайырлы-құтты болсын демекпіз!

Конференция жұмысы Қазақстан Республикасының Ғылым Академиясының қызметкері, филология ғылымдарының докторы Ж.Тілеповтің «Мұхтар Әуезов және ежелгі акын-жыраулар» атты баяндамасымен жалғасты (баядамадан үзінді):

- Дүниежүзілік өркениетке алыптар тобын қосқан құнарлы Семей топырағы және Ертіс атырабы ұлы Мұхаңды адамзат ақыл-ойының гарышына алып шықты. Дүниежүзінің, күллі адамзат баласының аргы-бергі тарихын бес саусағындай білетін Мұхаң, үндінің 25 ғасырлық өткен тарихын қозғасын, я болмаса сонау ежелгі Рим империясының мұраларынан сөз етсін, не болмаса мынау өзіміздің туысқан қырғыз халқының әрі бүкіл түркі нәсілдестерінің бет-жүзігі болып табылатын «Манас» эпосына қатысты қалам тартсын, осылардың барлығында да ұлы қаламгер өзінің зерделі ойынан туындайтын елдік сөзді, елдік тарихты айтуға тырысқан. Ғасырлар қойнауынан әр қилы жеткен тарихи оқиғаларды нанымды, қонымды түрде зерттеу нысанасына айналдырған. Осы тұрғыдан



*М.Әуезовтің 100 жылдық конференциясында  
М.Әлиакпаровтың өзінің сурет көрмесімен таныстыру сәті. 1997жс.*

алғанда, Мұхаң қазақтың өткен елдік тарихындағы ұлы азаматтары, ақын-жыраулары, батырлары туралы тақырыпта көп еңбек етті. Сонау 14-15 ғасырлардан бері қарай фольклорлық әрі жеке авторлық мұраларды рет-ретімен кезең-кезеңдерге бөліп, жүйелі түрде зерттеп берді.

Мәселен «Қарақытай Қобыланды», «Бекет», Айман-Шолтанның қай-қайсысында болсын. Мұхаң өзін көркем сөз иесі, қаламгер, әрі ойшыл-суреткер ретінде көрсете білді. Бұл – Мұхаңның, шындап келгенде, қазақты өзі-өзіне танытуға қосқан зор үлесі деп білген жөн. Сонымен қатар қазақты өзге елдерге де танытуға қосқан үлкен үлесі екендігі даусыз.

Мұхаң бүкіл өмірін тек Абайды ғана зерттеуге арнаған жоқ. Сонымен бірге қазақ тарихының аргы-бергі дәуірлерінен, қыртыс-қыртыс замана қойнауларынан сыр шертетін бірнеше құнды зерттеу еңбектерін жазып қалдырған. Тарихи тақырыптар Мұхаң еңбектерінің басты бір саласы.

Мұхаңның сонау 1925 жылы бастап, 1927 жылы баспадан шығарған «Әдебиет тарихы» кітабынан бері қарай соңғы үлкен бір еңбегі 1959 жылы бес күнге созылған ауқымды жиында әдебиет тарихының кезеңдік мәселелерін сөз еткен қорытынды баяндамасына дейінгі аралықта жазылған сан салалы тарихи, фольклорлық құнды еңбектері – қазақ ойшылы, тарихшысы, әрі әдебиетшісінің тек өз тұстарына ғана емес, келер ұрпаққа да қалдырған мол рухани ескерткіші сияқты.

1925 жылдары сталиндік құғын-сүргіннен сәл бұрынырақ, заман ештеп еркіндеу кезде Мұхаң тарихи тақырыптарға батыл түрде қалам тербеген. Сонау Едіге батыр сияқты батырлар жырына, қазақтың Хан-билері жөнінде де көкейге қонымды да толымды пікірлер қозғаған. Бір кітабында ол кісі: - Мен қазақтың тарихы жазылмай-ақ бұл мәселелерді қозғап отырмын. Негізінен, бірінші азаматтық, елдік тарих жазылып, әдебиет тарихы сонан соң айтылуы тиіс еді. Бірақ жағдай солай, заман осындай болған соң бастауыма тура келді. Егер артық-кемі болса, қате кеткен тұстары табылып жатса, халық кешіріп қойсын..., - деген екен.

Мұхаң барлық еңбектерінде қазақтың тарихын Құдан-Тайшыдан бастайды. Ол – Тайыр қожаның әкесі, белгілі адам. Құдан Тайшының қарақытай Қобыландымен арақатынасын, байланысын сөз етіп, сонан үлкен еңбек жазып, сол кезеңдер үшін зор мағлұмат



береді. Бұл 1456 жылғы қазақ хандығының құрылған тұсымен сәйкес келетін әңгімелер. Онан кейін тағы да сол дәуірлердің жыршысы, Жәнібек ханның жанында жүрген, оған ақыл айтушы, ақылгөй дана аталық Асан Қайғыны да тарихпен байланыстырып сөз етеді. Асан Қайғы – Тоқтамұс пен Жәнібек хандардың тұсында өмір сүрген. Тоқтамұстың тұсында жас кезі, ал Жәнібектің уақытында қартайған шағы екен. Мұханның зерттеген кездерінде Асан Қайғының да, басқа хандар мен батырлардың да өмір жолдарын, тарихи күрестерін үңіле зерттеп, толықтай ашып айту өте қиын еді. Осы зерделі зерттеулері үшін Мұхана да талай рет замана қыспағында қалып, неше түрлі сындарға ұшыраған болатын.

Ғұлама ғалымның Құдан-Тайшы, Асан Қайғыдан кейінгі бір ерекше тоқталғаны: Шалкиіз бен Сытыра жыраулар.

Мұханның жалты ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттегі: Абай туралы арнаулы зерттеулерін қоспағанның өзінде, әрісі Асан Қайғылардан бастап, жолай Бұқар, Махамбет, Шәңгерейлерге тоқтап, тіпті кешегі Жамбылға және бүгінгі әдебиетіміздің көзі тірі ақсақалдарымызға дейінгі алуан аралықтың барлығын қамтып, жік-жігімен, жүйелі түрде толықтай ашып зерттеуі, оларға бағалы ойлар айта білуі – бүгінгі біздің өзімізді-өзіміз кеңірек тануымызға, яғни қазақты қазақ толықтай тануына үлкен жол ашады.

Ж.Тілеповтің баяндамасы да тыңдаушы қауым тарапынан зор ықыласқа ие болды.

Келесі сөз кезегі Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты С.Қорабаева берілді. «Мұхтар Әуезов шығармаларындағы сабақтастық мәселелері» тақырыбындағы баяндамадан үзінді:

- Мұхтар Әуезов шығармашылығындағы сабақтастықты сөз еткенде, ең алғаш өлең жайында баядалған дүниелер еске түседі. Мұхана сөзімен айтқанда: Абайдың ақындық талабына ықпал еткен, жалты ақын болуына түрткі салған басты нәрсе – оның туып-өскен өңірінде бұрын-соңды елге мәшһүр ақын-жыраулардың көп болғандығынан еді.

Абайдың кезінде өз ауылымен көршілес жерден әрісі Ақберен жырау Ақтанберді, онан соң қара қылды қақ жарған әділ би, әрі ақын Ақтайлақ. Оның баласы және сол кездегі суырып салма айтыс

өнерінің өкілдері. Бұлардың бәрі Абай жайындағы роман – эпопеяда жақсы баяндалған.

Мұхтар Әуезов Ақтайлақ биді жете біліп, оның толғаулары жөнінде келелі пікір айтып, зерттеулерінде арнайы тоқталғандығы баршаға белгілі. Ұстаздары Сабырбай, Түбек, Дулат болған Абайды үлкен теңізге теңесек, соған құятын бұлақтардың бастауы – Ақтанберді, Ақтайлақ, Бұқар жыраулар екендігі сөзсіз еді.

Абайдың қатты ден қойып, үлгі тұтқаны – өз заманының атақты адамы Ақтайлақ би Байғараұлы болғандығы да даусыз. Сол Ақтайлақ бидің даналық сөздерін Абай жастайынан құлағына құйып өсті. Ақынның «Жазғытұры» дейтін өлеңіндегі кейбір жолдары Ақтайлақ бидің даналық сөздерімен сабақтас екендігі байқалады.

Абайдың Шортанбай, Дулат, Бұқарларды ауызға алуы олардың есімін жастайынан естіп, өлеңдерін жаттап өскендігінен болуы керек.

Абай поэзиясындағы өзінен бұрын өткен ақын-жыраулардың өлеңдерінің тиіп кеткен тұстарын Мұхтар Әуезов: «бұл – поэзияға қойылар үлкен де жоғары талап»-деп кезінде айтып өткені де есімізде.

«Шортанбай, Дулат пен Бұқар жырау өлеңі бірі – жасау, бірі – құрау», - деп Абай өлеңдерге сын айтса, олардың шығармаларының әлсіз, не болмаса нашарлығын көрсеткені емес, ол жаңашыл ақынның өлең сөзіне биік те зор деңгейдегі талап қойып отырғандығы деп ұғыну керек. - дейді Мұхаң.

Өзінен бұрын өткен ақын-жыраулардың бай әдемі мұрасы аса талғампаз ұлы ақынның ардақ тұтқан, тәлім-тәрбие алған, үйреніп қалыптасқан үлкен мектебі болған. Ал бұларды сынаған Абайдың өлеңдерін біз бұрындары бір жақты түсініп келдік. Мұхаң да Абайдың осы сыншылдығын іштей жақсы түсінгенімен және ол ақын-жыраулардың өлеңдерін өзінше ұнатып тұрғанымен сол кездегі әкімшіл-әміршіл жүйенің құрсауынан шыға алмай, әрі ол уақыттағы ескі ақын-жыраулардың шығармаларын насихаттауға тыйым салған саясаттың салдарынан жай ғана сынаумен шектеліп, ақиқатына бара алмаған. Бұл да дәуір шындығы еді.

Шындығына келгенде, ұлы ақынның өлеңдегі мазмұн мен пішінді байытуда өзінен бұрынғы ұстаз ақындардан үлгі алғандығы анық жай.



С.Азимов, М.Әуезов және М.Әлиакпаров. 1997ж.

Абайдың Шортанбай, Дулат, Бұқараларды ауызға алып, басқаларын атаусыз қалдыруы, осы үшеуінің кемшіліктерін баса айтуы, халық арасындағы ақындардың ең мықтылары әрі көрнектілері осылар деп бағалауынан туындаса керек. Біріншіден, Шортанбай, Дулат, Бұқарлардың басқалардан елеулі екендігі білінсе, екіншіден, осы үш ақынды қатты дәріптенгендігі көрінеді. Бұлардан үлгі алу керектігін де меңзейді. Аталмыш ақындардан Абай үйренген жоқ дегге ешкімнің де аузы бармасы айдай анық.

Абай мен оған дейінгі ақын-жыраулардың шығармашылық сабақтастықтарын, тарихи үндестіктерін дәлелдейтін мысалдарды көптеп кездестіруге болады.

Жалпы алғанда, «әдебиетті классиктер жасамайды, әдебиетті мыңдаған ақындар жасайды» дегенді алып қарасақ, Абайдың ақындық үні мен талабының кең өріс алуына, талант деңгейінің биікке көтерілуіне бұрынғы ақын жырау, би-шешендердің ықпалының зор екендігін Мұхаң өзінің зерттеу еңбектерінде жазып қалдырды. Ұлы жазушы-ғалым қазақ халқының ғасырлар түкпірінен бастау алатын ауыз әдебиетіндегі сонау Бұқар, Мұрат, Махамбеттер шыққан биіктерді Шоқан, Ыбырайлардың әдебиеттегі жетістіктерімен сабақтастыра отырып, ғұлама Абай қалыптастырған жазба әдебиетінің де табиғи көзін дәл басып, айқындап берді. Бұлардың бәрінің табиғи тамырластығын тауып, ғылыми тұрғыдан сипаттап көрсетті.

Абай дәстүріндегі ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің ірі өкілдері Сұлтанмахмұт Торайғыров пен Сәбит Дөнентаев шығармаларының да осылармен терең тамырлық сабақтастықтарын зерделей алдымызға ұсынды.

Ендігі біздің алға қойған бір міндетіміз – ұлы Мұхаң негізін салып, қалыптастырып кеткен абайтану ғылымының заңды жалғастығы ретінде ұлы Абай шәкірттері мен әдебиет сабақтастығын әрі қарай терең зерттеу. Бұл көкейкесті мәселенің алғашқы бастауы: Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Міржақып, Жүсіпбектер сияқты қазақ әдебиеті алыптарының аралымызға қайтып оралуы және ұрпақтарымен үндесуінде жатса керек. Осы ретте бұларға алғаш қозғау салған ұлы Абай, Мұхаңның өштес көркем әрі ғылыми шығармалары бізге әрқашанда темірқазық болып қала бермекші....».



Бөрілі – Мұхтар Әуезовтің туған жері. Қ., фломастер, 1977ж.

Ф.М.Достоевский мұражайының директоры – И.Ф.Мельникова. «Мұхтар Әуезов және Ф.М.Достоевский мұражайы» атты баяндамадан үзінді:

«...Бүгін біз Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің үлкен мерейтойы жайында сөз етіп отырмыз. Осы орайда менің айтайын дегенім, біздің Достоевский мұражайы жайында, алғашқы осы мұражайдың ашылуына бірден-бір себепші болған осы Мұхтар Омарханұлы болатын. Өйткені 1956 жылы бұл кісінің Достоевский хақындағы тарихи құнды еңбегі жарық көрді. Ол заман И.Сталиннің қайтыс болып, Н.Хрущевтің үкімет басындағы кезі. Бұл еңбек осы мұражайдың дүниеге келуіне ұйытқы болғандықтан біз өзімізді Мұхтар Омарханұлына өмір бойы қарыздармыз деп ойлаймыз. Сондықтан да ол кісінің рухына әрқашан басымызды иіп, алғысымызды білдіреміз.

Енді мұражай иесі Достоевский жайына келер болсақ, ол кісінің бірнеше рет шығармалар жинағы жарық көрді. 1918 жылдарға дейін шығармалар жинағы толық түрде сегіз баспадан шықты. Соңғысы 1911 жылы өзінің туған мерейтойы мен өлгенін еске алу қарсаңында. Сол 1918 жылға дейін 23 томдығы жарық көріпті. Мұнан кейін совет үкіметі уақытында Ф.М.Достоевский шығармалары көп уақытқа дейін баспа бетін көрмей үнсіз жатты.... Достоевскийдің әлемді таң қалдырған даңқы ол өлгеннен кейін келді. Совет одағынан гөрі оны шет елдерде жоғары бағалады. Оның шығармашылық тереңдігі адамның қандай екендігін нақты түрде көрсете білгендігінде еді. Адам жанының жұмбақ иірімдеріне жақсы бойлап, оны ашып көрсетуде үлкен шеберлік танытты. Терең психолог жазушы адам мінезіндегі неше түрлі қиыршылықты тап басып, айна-қатесіз алдымызға жайып салғандай.

Бір кездері Германиядағы үкімет басына келген Гитлер әлем әдебиетінің ұлы тұлғалары Шекспир мен Гетенің шығармаларын түгел өртегенде, Достоевскийдің шығармаларын аман алып қалыпты. «Міне, нағыз жазушы деп осыны айт»-деп жауларымыздың өзі оны жоғары бағаласа керек.

Сонан 1956 жылы, яғни 40 жылдай үзілістен соң толық емес шығармалар жинағы 10 том көлемінде басылып шыққан. Ал академиялық басылымы 1971 жылы ұлы жазушының әлем жұртшылығы тойлап өткен 150 жылдық мерейтойы қарсаңында

басталып, 1992 жылдары зорға аяқталады. Осы ұзақ мерзім ішінде 30 томдық толық шығармалық жинақтары академиялық негізінде жарық көрді.


Иә, ұлы суреткердің ел біле бермес осындай да трагедиялық тағдыры бар екендігін айта кеткен жөн. Мұнан кейінгі тағы бір сөз етер адаммыз – Шоқан Уәлиханов. Біздің мұражайды Шоқан Уәлихановсыз елестету мүмкін емес. Ш.Уәлиханов 1865 жылы қайтыс болған. Туған жері Сырымбеттен ағайын-туыстан, ата-анасынан жырақтағы қазіргі Талдықорған өңіріне қарасты бір тау шатқалындағы елді мекенде дүниеден өткен.

Шоқанның шығармаларын бірінші рет 1904 жылы бір томдық қылып Брусилковский басып шығарған. Қайтыс болғаннан кейін араға 40 жыл салып, 1904 жылы ғана жарық көрген.

Көп жылдар бойы оны ханның тұқымы, бай-феодалдардың ұрпағы деп шеттетіп келгені рас. 1956 жылғы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың еңбегінде: Достоевский мен Шоқанның шығармалары – біздің халықтың қайта өрлеу дәуіріндегі қоңырауы іспетті дегені бар. Әлкей Марғұлан бір сөзінде: Ф.М.Достоевский және Ш.Уәлиханов сияқты ұлы тұлғалар жүздеген жылдарда бір-ақ рет туады, – депті. Бұл – шындық. Өйткені бұлардың есімдері қазір әдебиетте де, ғылымда да өзіндік орын алған. Соның нәтижесінде міне екі мұражай өмірге келді. Біздің бұл мұражай 1965 жылы ашылды. Сол жылдың аяғында бір үйдің астындағы жертөледе Достоевский атындағы кітапхана ашылған. Осыған біртіндеп жиналған материалдар негізінде 1971 жылы Достоевский мұражайы ашылды. Достоевский мұражайының ашылғанына біраз уақыт өткен соң Ш.Уәлиханов мұражайы дүниеге келді. Біз көп жылдар Сырымбетпен байланыста болдық. Онда Шоқанның мектептегі кезеңіне арналған мұражай бар екен. Сондағы Шоқанға байланысты көп материалдар жинап жүрген мұғалімдер мен оқушылар бізге жиі келіп көмектесіп жүрді.

Міне, ендігі жерде өзімізде де осындай тамаша мұражай бар.

Бүгінгі өтіп жатқан ғылыми конференцияның «Әуезов музейтанұда» деп аталуының өзі біздің мұражайымыздың тарихын еске салғандай. Тағы бір қосымша айта кетер жайт: Шоқан Уәлихановтың шығармалар жинағын көп уақыт бойы жинастырып, редакциялап әрі бастырып шығарған адамның бірі – Ә.Х.Марғұлан. 1960 жылдары Шоқанның Ә.Х.Марғұланның басқаруымен бес



Түйелер. Сыйға тартылған бота. К., фломастер. 1977ж.



томдық жинағы шыққан. Бірақ таралымы өте аз болды. Сонан соң 1980 жылдары Шоқанның бес томдығы қайыра басылып шықты. Негізінен Семей қаласының бағы бар. Семей топырағында көрнекті де белгілі адамдардың дүниеге келгендігі өз алдына, сонымен қоса, бұл жерге сондай ұлы адамдар көбірек аяқ басқан. Қазір осы арада Ш.Уәлихановтың, Ф.М.Достоевскийдің аттарында көшелер бар. Олар жайлы біздің мұражайымызда көптеген замандастарының жазылған естеліктері бар. «Шоқан және Өнер», «Шоқантану» мектебі сияқты жұмыстар да атқарылып жатыр.

Әлкей Хақанұлы қайтыс боларынан біраз бұрын біздің мұражайға хат жолдапты. Біз ол кісінің соңғы хатын қайтыс болғаннан кейін бір күн өткен соң бірақ алдық. Сол хатта ол кісі: Бастаған істеріңді әрі қарай дамыта беріңдер. Жинаған материалдарыңды әлі де байыта түсіңдер. Орта жолда тастап кетіп жүрмеңдер ....» - депті, бізге ағалық әрі ұстаздық игі ниетпен.

Біз де өз кезегімізде Әлкей Хақанұлының ол айтқан өсиеттерін орындап, әрі аяулы жанның жарқын бейнесін, бізге жасаған адал еңбектерін үнемі естен шығармауға тырысамыз.

...Біздің бақытымызға қарай, бұл мұражайға Брусилковскийдің басқаруымен шыққан Шоқанның алғашқы шығармалар жинағы келіп түсті. Осы қымбат экспонатты біз Орталық Қазақстан мұражайларынан көп іздедік. Қазір өзімізде болғанына қуаныштымыз. Сонымен бірге Ш.Уәлихановтың Қазан төңкерісіне дейінгі уақытта жарыққа шыққан еңбектері үлкен бір қатарды алып тұр.

Осылайша жұмысымыз жақсы жүріп жатыр. Біздің осындай дәрежеге жетуімізге, жұмысымыздың жанданып, бағымыздың жануына бірден-бір себепкер болған ұлы тұлға Мұхтар Омарханұлы Әуезовке мың да бір алғысымызды тағы да қайталап айтқым келеді!».

Алматыдағы «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының ғылыми қызметкері Р.Досымбекова Әуезов үйі мәдени орталығының ғылыми мемориалдық кітапханасы туралы сөйлеген сөзінен:

- Бүгінгі өтіп жатқан ғылыми конференция Мұхаңа деген үлкен құрметтің басы болса керек. Конференцияның өзі «Әуезов музейтану ғылымында» деп аталғандықтан мен де осы Мұхаң мұражайының тарихынан ептеп айтып берейін.



Сыйға тартылған бота. Қ., м., 1977ж.  
Мұхтар Әуезов мұражайында.

Мұхаңның Алматыдағы мұражайы 1951 жылы өзі салдырып, кірген, содан өзі қайтыс болған 1961 жылға дейінгі Мұхаңның өздері тұрған үйі. 1961 жылы Мұхаң қайтыс болған соң, ол үй – үкіметтің арнайы қаулысымен қазынаға өткізіледі де, онда тұрып жатқан отбасына басқа жерден үй беріледі. Сосын «Мұхтар Әуезов тұрған үй – оның мұражайына айналсын» деген тағы бір үкіметтің қаулысы шығады. Бұл игілікті істі Мұхаңның қызы Ләйла өзі қолына алады. Сол кісінің үлкен қажырлы еңбегінің арқасында 1963 жылдан бастап осы мұражай жұмыс істей бастады. Өкінішке орай, Ләйла Мұхтарқызы әкесінің осынау жарқын тойын көре алмай кетті.

Мен өзім осы мұражайда 30 жылдан аса жұмыс істеп келемін. Алғаш ашылған күннен бастап Ләйла Мұхтарқызымен бірге көп жылдар бойы қызметтес болдым. Сол ұзақ мерзім ішінде ол кісінің не ренжіп, не біреуге дауыс көтеріп, қатты сөз айтқанын естіген емеспін. Мен де, мұражай ұжымының басқа мүшелері де Ләйла Мұхтарқызымен үлкен сыйластық қатынаста болдық. Бәріміз де ол кісіні ортақ апамыз деп санадық. Бұл мұражай алғаш рет құрылғанда Әуезов атындағы Әдебиет институтының атынан, соның есебінен ашылған. Сол институттың бір ғылыми зерттеу бөлімі болып саналған. Халыққа мұражай болғанымен, басқалай шаруашылық жағынан, ақшалай қаражат жағынан келгенде сол Әдебиет институтының қол астында болды. Ал институт тек қана қызметкерлерге ай сайынғы еңбекақыдан басқа мұражайға бір тиын да қаражат бөлмеді.

Мемориалдық заттарды, экспонаттарды алуға, не болмаса күрделі жөндеу жұмыстарын өткізуге институттан ешқандай көмек болмады.

Мұхаңның осы 100 жылдық мерейтойына байланысты (ол кезде Ләйла Мұхтарқызы тірі болатын) осындағы Тұрсын Жұртбаев, тағы басқа да біраз азаматтар бәріміз жиналып, үкімет алдына жеке бөліну туралы ұсыныс қойдық. Ол ұсынысымыз қабылданып, 1996 жылы маусым айында біз Әдебиет институтынан бөлініп, өз алдымызға жеке, дербес орталық болып құрылды. Жеке отауды «Әуезов үйі» мәдени-ғылыми орталығы деп атауға шешім қабылданды.

Сөйтіп ұлы Мұхаңның 100 жылдығының арқасында осындай үлкен жетістікке жеттік.



Сыйға берілген бота. К., м., 1979ж.

Енді мұражайдың негізгі тарихына келсек, ең әуелі мұнда Мұхаңның өз үйіндегі бай кітапханасы сақталып тұрған. Сосын Мұхаңның архивінде 800-ден астам папка қалған. Ол үйдің өзі екі қабатты болып салынған еді. Екінші қабатында Мұхаңның жатын бөлмесі және көптеген мемориалдық заттар болған.

Қазір кейінгі үкіметтің шешімі бойынша мұражайды Мұхаңның сонау жылдардағы тұрған кезіндегідей қалпына келтіру қолға алынды. Ол үшін бұрынғыдай балалар бөлмесін, жұмыс кабинетін бәрін дерлік қайтададан қалпына келтіру қажет.

Біз осы ғасырлық мерейтойға орай Мұхаң шығармаларының жеке-жеке жинағын және 12 томдық, 20 томдық шығармалар жинағын бастырып шығардық. Оларды Әдебиет институты шығарды деп атағанымен, барлық істелетін жұмысты осы мұражай қызметкерлері атқарған. Осындай игілікті істерді біртіндеп қолға алып жатырмыз. Алдымызда әлі де қыруар жұмыстар күтіп тұрған сияқты, - дей отырып, Р.Досымбекова сөзін тәмамдады.

Сөйлеу кезегі конференцияның келесі қонағы Қазақстан Ғылым Академиясының қызметкері, өнертану ғылымдарының кандидаты Б.Нөгербекке ұсынылды.

«Мұхтар Әуезов және кинематография» атты баяндамадан үзінді:  
« ... Біздің Алматыдағы қазақ кинематографиясының алғашқы жұмыстары, алғашқы бастауы – кинохроникадан, яғни хроникалық фильмдерді түсіруден басталған.


Қазір көпшілігі қазақ киносының алғашқы қарлығашы – «Амангелді» 1938 жылы түсірілді. Ал оған дейін 1928 жылдан бастап бірталай кинолар түсірілген. Әрине олар орыстармен бірлесіп, Мәскеу мен Ленинград, сондай-ақ Ялта киностудиялары арқылы болатын. Көпшілігін осылармен бірігіп қойған еді.

Алғашқы фильмдер қатарында мыналар болды: «Мятеж» – 1928 ж.; «Абай әндері» – 1930 ж.; «Дала әндері» – 1930 ж.; «Қаратау құпиялары» – 1932 ж.; «Амангелді» – 1938 ж.; «Райхан» – 1940 ж. т.б.

Ол кезде, 1930 жылдары Қазақстандағы қиын жағдайларға байланысты материалдық база болмай, әрі ұлттық кино мамандары да жетіспей жатқан кез. Көркем фильмдер түсіруге ешқандай мүмкіндік болмады.



Бөрілі. М.Әуезовтің 100 жылдық тойында. 1997ж.



Берілі. М.Әуезовтің 100 жылдық тойында. Қ., фломастер, 1997ж.

Қазақ киностудиясы «Абай әндері» деген фильмнен басталды десек, еш қателеспейміз. Бұл – Алматыдағы қазақ киностудиясының бірінші жұмысы. Осы «Абай әндері» және «Райхан» фильмдерінің киножазбасын Мұхтар Әуезов жазған.

М.Әуезов ол кезде тек қана киноға сценарий жазумен шектелген жоқ. Мерзімдік баспасөз беттерінде де кино өнері жайында жиі-жиі құнды пікірлер білдіріп жүрді.

Ол кісі сонымен қатар кино процесіне де қатысып, оның қалай түсірілуін, онда кеткен кемшіліктер мен жетістіктерді жіті қадағалап отыратын көркемдік кеңесшілердің бірі болды. Ол өзінің зерделі ойлары мен пайымды пікірлерін ортаға сала отырып, қазақ киносының жоғары сатыға көтерілуіне, профессионалдық деңгейінің осуіне зор ықпалын тигізді.

Қырғыз кинорежиссерлері дайындаған Мұханның «Көксерек», «Қараиі асуындағы атылған оқ» сияқты фильмдері де қазақ-қырғыз киностудияларының шыққан биік шыңдарының бірі.

Қырғыз киностудиясының биік деңгейге көтерілуіне де Әуезов прозасы үлкен әсер еткені сөзсіз. Қырғыз және қазақ киностудияларына Мұханның прозалары үлкен жетістіктер әкелді. Ол кісінің жазылған дүниелері арқылы 60-70 жылдары түсірілген фильмдер Кеңес Одағындағы кино құдіретінің алтын қорын ағанды.

Мұханның кино проблемаларын ғылыми түрде сипаттап, оған дәлелдер іздеді. Балкім М.Әуезовтің прозасына да кино өнерінің әсері болған шығар. Бұл әлі де зерттеуді қажет ететін мәселе. «Әуезов және кино» деген тақырып өте ауқымды және көкейкесті.

Сұлтан Қожықовтың жасаған фильмі «Қараиі асуындағы атылған оқ» өте сәтті шыққан. Мұнда көптеген жаңашылдық сипаттар бар. Ізденіс көп. Ал «Жартастағы шынар» фильміне кезінде дұрыс баға берілмеген.

Соңғы «Абай» фильмі жайында мен сыни мақала да жаздым. Бұл фильмді түсіргендер Мұханның аруағының алдында өте қарыздар болып қалған. Ұлтық кино мәдениетінің алдындағы үлкен кемшілік әрі қылмыс. Біздің қазақ кинематографистерінің үлкен оққылығы. Кино мамандарының қателігінен фильм өте нашар шыққан. Келешекте оны түзетуге атсалысуымыз керек. Бұл тұрғыда қазақ киностудиясына жаңа заманға лайық жаңаша көзқарас қажет. Сілкініс жетіспей жатыр.





Мұрат Әуезов стендіден әкесінің өзіне жазған хатын  
оқып тұр. қ., фломастер, 1997ж.



Бэтина апаі. К., фломастер, 1995ж.

*Қазір біз кинотанушыларды өз ұлттық тілімізде дайындай бастадық. Бүгіндері олар «Әуезов және кино» деген тақырыпта жұмыс жасауда. Бұл сала – аса жауапты да күрделі. Сондықтан да тереңірек зерттеп, көбірек тер тәгүді қажет етеді. Ал оның нәтижесін болашақ көрсете жатар...»*

Осылайша жан-жақты көзқарасқа негізделген, тұжырым-пайымдарды алға тартқан баяндамалар тыңдалып, көпшілік танымына тын бастамалар мен идеялар желісі ұсынылды. Баяндамалар арасындағы үлкен үзілісте көрермендерге «Мұхтар Әуезов бейнелеу өнерінде» деп аталатын сурет-көрмем көрсетілді. Көрермен қауымға суреттерімді қалай салғаным туралы, оған не себеп болғанын, мазмұны мен суреттерімнің тарихын баяндап бердім.

Конференция аяқталғаннан кейін бәріміз Абай атындағы театрға «ЕУРАЗ-ШОУ» қойылымын тамашалауға бардық.

Кешкі асты қаланың әкімі ұйымдастырды. Тамақтанғаннан кейін Жана Семейде тұратын Ахаттың жұбайы Бәтима апайға барып, сәлем бердім. Амандық-саулық сұрасып, «Ахат» атты кітабымды табыс еттім. Кітапты берген кезде Бәтима апайдың үйінде туысқан екі қызы отырған еді. Олар кітапты қолдарына алып, шай дайындауға ас бөлмеге өтіп кетті. Біраздан соң қайтып келіп: Аға, кітаптың бағасы неше тенге тұрады, қанша тиражбен шығардыңыз? - деп сұрады. Мен өзімше жағдайымды айтып: Мұның бәрін өз қаражатыма шығардым. Өйткені Ахат атамның алдында борыштымын» дегенім сол еді. әлгі қыздар: - Ендеше сіз осы кітап арқылы көп табыс тапқан шығарсыз.- деп қазбалай түсті. Олардың таяз түсініктеріне танқалған мен: «Жок, алтындарым, түсініктерің дұрыс емес. Оның үстіне Бәтима апайымыздан көзінше мұндай әңгіменің өрбуі де орынсыз. Мақаш Ахат ағасының кітабын шығарып, миллионер болып кетіпті деген жанылыс пікір қалып-тасуы да ғажап емес. Ахаттың акын екенін ел іші аса біле қоймайды. Сол себептен де болуы мүмкін, кітаптар өтіңкіремей жатыр. Бұған жұмсаған қаржым әлі де қайтарылмағанмен, маңыздысы Ақанның шығармашылығын ел ішіне таныстыру. Одан әрісін уақыт көрсете жатар, - деп қысқа қайырдым. Сол сәтте даусым сәл өзгеше шыққан болуы керек, екінші бөлмеден шыға келген Бәтима апай: - Ой, қыздар, қойындар! Олай ойламаңдар.

қайта сендер Ахат туралы алғашқы шыққан кітапқа қуаныңдар» – деп қыздарды сөгіп жатты... Шай ішіп болған соң апамның батасын алып, ол кісіге арнайы әкелген біраз сый-сыяпатымды беріп, мезіретімді көрсетіп, қонақ үйге қайтып келдім.

Ертеңі 25 шілде, танертенгісін әлдебіреу есік қағып оятып жіберді. - Бұл кім? – дегеніме, ол: - Мен Сергей Азимовпын. Алматыдан түнде ұшып келгенмін,- деді.

Ол жігітпен Алматыда Мәкен апайдың үйінде бірге болғанымыз есіме түсті. Мәкен апаны және мені Мұханның 100 жылдығына байланысты осы Сергей мен Дәукеш киноға түсірген болатын. Сол кезде Сергей: - Мен де Семейдегі Мұхана арналған конференцияға барамын. Онан кейін Мұратпен, сізбен бірге елге барып, тағы да киноға түсіреміз, - деген еді. Бұл жолы тым еркелетіп: - Мәке, сіз, тез тұрыңыз. Астында ресторанның тамақ ішіп, Мұратпен елге қарай шығып кетейік- деді. Бұл сөзден кейін мен де жуынып, киініп астыға астына түстім.

Дастархан басында Мұрат, Сергей өз қызметкерлерімен мені күтіп отыр екен. Мұрат орнынан атып тұрып, құшақтаса амандасып, қасына отырғызды. Таңғы асымызды асықпай сіңіре, конференцияның қалай өтіп жатқанын әңгіме қылып, алдағы жоспарларды талқылап жарты сағаттай бөгелдік. Онан соң Мұханның туған жері Бөріліге қарай шығып кеттік.

Шағын автобуста Мұрат, Сергей, мен және кинооператор төртеуіміз келе жаттық. Жол үстінде Мұрат әкесі туралы, кейінгі кезде өзі шығарған кітабы жайлы біраз әңгіме қозғады.

«...Әкем Мұхтар Омарханұлы Әуезов осы жерде (бұрынғы Шыңғыс болысы) 1897 жылғы 28 қыркүйекте дүниеге келген. Әкесі Омархан, атасы Әуез екеуі де хат танитын сауатты, бала тәрбиесін салғырт карамайтын сарабдал, салнақалы адамдар. Атасы Әуез немересін өз бауырына басып, әлпештеп тәрбиелейді. Мұсылманша, түрікше үлкен оқуы бар, айналасына қадірлі Әуез Құнанбай ауылының жазғы, қысқы көші-қоны бір. Абай мен көңілдері жақын, қатты сыйласқан адам екен. Әуез Абайдың діни ұстазы болған. Мұхтар ХІХ ғасырдың бас кезінде Орта Азия жақтан келіп, Тобықты руына сіңіп кетіпті. Арғы аталары қожа, атасы Әуез Мұхтарды жас кезінен бастап Абайдың өлеңдерімен таныстырады. Немересі ұлы ақынның өлеңдерін жақсы көріп өссін деп те ойлайды.

Әке-шешем менің атымды Мұрат деп қойыпты. Әкемнің аты Мұхтар, шешем – Фатима. Екеуі де арабша жақсы білген. Бірімен-бірі арабша жазысқан хаттары сақталған.

Біздің ашық-жарқын отырысымыз ұнаған болуы керек, киноға түсіруші бауырымыз да қолайлы сәттерді қапы жібермей, камерасымен түсіріп жатты. «...Абай кездейсоқ адам емес, ол – тұтас ұлтқа, халыққа пара-пар тұлға, данышпан» - деп Мұрат сөзін жалғастыра берді. XIX ғасырда қазақ халқының басында қиын жағдай болатынын сезгендей тағдырдың өзі қатал сынап, қазақ болып қалуына ақыл, ерекше күш қосатын адамды жіберді. Абай сол жомарт тағдырдың өкілі. Ол – ұлы ақын, ұлы ойшыл, ұлы ұстаз. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың өзі Абайды ұстаз ретінде өте жоғары тұтқаны бекер емес. Алаш қайраткерлері Абайдан көп нәрсе үйренген, өздерін Абайдың ізбасарлары деп санаған. Содан бара-бара өздері де халыққа ұстаз бола білді. үлкен мұра қалдырды. Демек, Абай қазақ халқының қазақ болып сақталуында шешуші рөл атқарған тұлға. Ол кездейсоқ адам емес. Халыққа, ұлтқа пара-пар келетін сондай бейнелі адамдар анда-санда дүниеге келеді. Біздің бағымызға Абай келді» – деді.

Орта жолда кішкене тоқтап, дем алдық. Алыстан мұнартқан Шыңғыс тауларының бел-белестеріне көз жіберіп, тамашаладық.

Менің ойыма «Абай жерінде» деген кітабым оралды. 1975 жылы осы қасиетті жерлерді аралағанымды, қалай сурет салғанымды еске түсірдім....

Шамалы үзілістен кейін машинаға қайта отырып, жол тарттық. Біраз жолды артқа тастаған машина бір кезде Қарауылдың жолынан Бөріліге қарай бұрылды.

Алдымыздан үлкен жазулармен жазылған: «Бөрілі – Мұхтар Әуезовтің туған жері» деген белгі көрінді. Мұны көргенде Мұрат сәл ренжіп: «Мынадағы қате жазылған тұстарын баяғыда айтып едім. Соны ешкім де есіне алар түрі жоқ», - деді.

Әрі қарай Мұханның туған жері, ойнап-өскен мекені – Бөріліге де табанымыз тиді.

Ауылдың сырт жағындағы төмпешік таудың басында әкесі – Омархан мен шешесі – Нұржамалға жанадан кесене (мавзолей) тұрғызылыпты. Осы кесенені және қасымда келе жатқан Мұратты көріп, менің жүрегімде, ішкі жан дүниемде керемет ыстық сезімдер тулап жатты. Жанға жайлы сағынышты көңіл-күй пайда болды.

... Бұдан 20 жыл бұрын Мұханның 80 жылдығында осы арада болғанымда бұл кесене ешкімнің ойына да келмеп еді. «Шіркін, өмір-ай!»-деймін мен де, іштей заулаған жылдарды есіме алып.

...1977 жылы қыркүйек айында Екейбай аға мен Мархаба апай ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің 80 жылдық тойына апарды. Той Қарауылдың басында өтті. Осы тойға Мұхтардың қызы Ләйла баласымен келген болатын. Мен сол дүрілдеген думанды әрі қызықтап, әрі кейбір көріністерін қағазға салып жүрдім. Қайтарымызда ғұлама жазушының туған жері Бөрілі деген жерде болдық. Онан Семейге келдім. Бір жұмадан кейін Екейбай аға мені кабинетіне шақырып: - Қарауылда Асқар Қонаевтың баласына, яғни Мұханның жиеніне бота сыйлаған. Осыны суретке салдың ба? деп сұрады. Мен: - Иә, салдым, - дедім. - Сен онда осыны үлкен кылып майлы бояумен сал. Біткеннен кейін өзім айтам. Алматыға барып, Ләйла Мұхтарқызына тапсырасың, - деген еді. Сонан әлгі суретімді 1,20X80см көлемінде үлкен кенепке майлы бояумен қайта сала бастадым. Жомарт мінезді халықтың жиенге сыйлаған ботасы. Бала мен бота арасындағы байланыс. Жүректері таза, көңілдері ақ екі әлемдегі екі дүниенің бір-біріне құштарлығы. Аспандай мөлдірліктің, таудай татулықтың белгісі бола білген жәудір жанарлы түйе баласы және арманы алып ұшқан, сезімі – сел, қиялы – бай, сұлулық атаулыны жанындай сүйген адамзат баласы. Қандай ғажап! Осы ойлар ойымды он орап, бала мен бота туралы психологиялық портретті салуға кірісіп кеттім. Бәрі сәтті келе жатқан, кезек ботаның аяғына келген кезде көп әуреге түсірді. Қанша ауылда туып, малдың жайын сезініп өссем де, сол ботаның аяғын келтіре алмай біраз киналдым. Бір күні Мархаба апайға киналып жүрген осы ойымды айттым. Екі-үш күннен кейін ол кісі мені «Жоламан» деген жердегі түйелер жайылымына жіберді.

Бұл 1978 жылдың жазғытұры еді. Жер-дүние жасарып, жасыл түске еніп, табиғат-ананың бар тіршілікті толғатып жатқан кезі. Көңіл гүл-гүл жайнап, жан-жағымда құстар сайрап, қыз көктемнің қылыған тоймай қараймын. Зеңгір көк аспан, жұпар ауа, қырмызы гүлдер, жазиралы жасыл жайлау. Көкейде ән, алдымда үлкен арман. Буын-буынды босатып, мас қылған осындай мөлдір шакта шофер бала екеуміз машинамен жота-жотаның арасына өтіп, түйелер жайылып жүрген тұсқа жақындадық. Адымдай аттаған аруналар, буырқанған буралар, мөлдір көзді момакан боталар көздің жауын алады екен. Біз машинадан түсіп, түйелер тобының ішіне жаяулай

ендік. Бейбіт жайылып жүрген боталарға өте таяу келіп, суретке сала бастағаным сол еді, кенет арт жағымнан тапыр-тұпыр еткен дауыс естілді. Жалт бұрылсам, аузынан ақ көбігі шашыраған бір жынды бура бізге қарай ұмтылып келеді екен. Қағазымды қолымға қыса сала, сүріне-қабына каша жөнелдім. Түйелерге қарап, тамсанып тұрған шофер жігіт те зытып берді. Көктем кезінде буралар буырқанып, жынданады. Егер байкамасан, табанымен таптап, езіп, болмаса шайнап өлтіріп кетеді дегенді естігеніміз болмаса, көрген емеспіз. Берекеміз қашып, безіп келеміз. Түкірігі шашырап, түтігіп алған бура-бәле қыр соңымыздан қалар емес. Санамызда қорқыныш пен үрейдің үрпі бұлттары үдере ойқастап, жүрегіміз дүрс-дүрс соғып жаттыр. Құтырынған есалаң бура мен жан сауғалай қашқан екі адам. Кереғар дүние. Сырттай қараған адамға мына тірлігіміз әрі қорқынышты, әрі күлкілі сияқты. Қызғаныштың қызыл құйыны көзінде ойнап, жын бұған адуынды бура екі өкпемізді қолымызға алып жүгірген екеумізді әжептәуір жерге апарып тастады. Зықымызды алып, дінкелеткен дүлейден зорға дегенде құтылып, есімізді жидық. Содан сай-сайды жағалап, бірде енбектеп, бірде жер бауырлап, түйелер тобына тағы таялды. Не керек, әжептәуір көп қиындықты көре жүріп, сол суретті ақыры салып шықтым. Үш жұмадан соң, салған суретімнің дайын екенін Екейбай ағаға айттым. Ол кісі: - Өте жақсы болды. Сен енді сол суретінді Мархабаға көрсет, - деді. Мархаба апай суретімді көріп, үлкен ризашылығын білдірді. Сосын маған: - Ертең Алматыға ұшасың. Сені сонда самолеттің трапынан тосып алады, - деп ескертті. Ертеңінде айтқанындай, Алматы әуе жайына қонған самолеттің трапынан бір бейтаныс жас жігіт күтіп алды. Машинасына отырғызып, Алматыдағы Мұхтар Әуезов мұражайына алып келді. Мұнда келсем, Ләйла Мұхтарқызы мен мұражай қызметкерлері тегіс мені күтіп отыр екен. Мен сәл қысылынкырап, әкелген суретімді көрсеттім. Ләйлаға да, мұражай қызметкерлеріне де суретімнің тақырыбы қатты ұнады. Тек суреттегі баланың ерні ептеп келінкіремеңгі. Кемшілікті айтқан кезде мен саскалақтап: - Қарауылда той тамашалап жүргенде, бұл тақырыпты әдейілеп салған жоқпын. Осылай боларын білгенде басқаша салуға болатын еді. Бірақ әлі де кеш емес, жөндеуге келеді. Егер інішек осында болса, келіп кетсін. Мен барлық майлы бояуларымды ала келгем, - деппін. Ләйла Мұхтарқызы күліп: «Иә, інішегіңіз осы Алматыда университетте оқиды. Керек қылсаңыз, ертең сабағына бармай-ақ сіздің карамағыңызда болсын. Мына мұражайдың ішінен сурет салуға бір ынғайлы орын табылар»- деген сөздерді де айтып

өтті. Мен жан-жағыма карап: - Мұражайдың іші каранғылау екен. табиғи жарық өте аз, - дегенімде, Ләйла Мұхтарқызы біраз ойланып қалды. Бір кезде: - Таптым, дәл қасымызда «Достық» сарайының ғимараты бар. Онда бір апайымыз соның директоры болып істейді. Сонда барайық, - деді. Суретті алып, әлгі сарайға бардық. Директорының аты-жөні Фазилия Ахметқызы екен. Апайымыз жайдары, өте өнді адам болып шықты. Бізді сарайдың барлық бөлмелерімен таныстырып өтті. Ең соңында шетелдік делегаттарды қабылдайтын бір үлкен бөлмеге алып келді. Бөлме кең, әрі жарық. Мен: - Суретті осында салсам кайтеді, дегеніме ол кісі келісе кетті.

Кешкісін қонақ үйде дұрыс ұйықтай алмадым. Оның себебі, біткен істі қайта қозғап, қалпына келтіру өте қиын. Бір шетін ептеп қозғасан, бәрі сырылып кете беруі мүмкін. Осылай түнімен мазам болмай, таң қылаң бере әлгі сарайға жетіп бардым. Қағаз бояуларымды ыңғайлап, өз-өзімді психологиялық түрде дайындадым. Біраздан соң кейіпкер балам келді. Аты – Дияр еді. Мен онымен екі-үш сағаттай жұмыс істедім. Олқылықтар орнына келген сияқты. Салған дүниемді көрген Ләйла Мұхтарқызы: - Міне, енді дұрыс болды. Түрі жана ұқсады, - деді, балаша қуанып. Менің де көңілім орнығып, суретімді қайтадан мұражайға апардым. Бір кезде Ләйла Мұхтарқызы: - Сенің көп еңбегің бар. Үлкен жұмыс атқардың. Енді бағасын айт, - деп сөздің бірден турасына көшті. Мен сыпайы түрде: - Жок. Бұл еңбегім сатылмайды. Екейбай ағаның, өзімнің және туған халқымның атынан осы мұражайға сыйға тартамыз, - деп жауап қаттым. Ол кісі өте риза көңілмен құшақтап, бетімнен сүйіп, алғысын жаудырып жатты. Аяулы әкесіне арнап жазған «Исторические основы эпопеи «Путь Абая» деген үлкен монографиясын маған сыйға тартты.

Бұған да жиырма жылдай уақыт болыпты. Ұлы жазушының ұрпағы сыйлаған сол бір кішкене кітап маған әлі күнге дейін ыстық көрінеді.

...1996 жылдың ақпан айында Алматы қаласына «Қарағанды таланттарына арналған Сарыарқа суретшілер көрмесі ұйымдастырылды. Оны ұйымдастырушы – мәдениетті қолдайтын Ұлттық фонд. Аталмыш көрмеге қатысып, Абай мен Шәкәрім тақырыбына салынған 4-суретімді қойдым. Олар: «Құлагер», «Елім-ай», «Ұмытылған», «Дала шұғыласы». Көрменің бірінші күні Қазақстан Мәдениет министрі Т.Мамашев ашты. Екінші күні шетелден келген дипломаттар қатысты. Осы күндері айтулы көрмеге Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев та келіп, Қарағанды



таланттарының жана туындыларын көріп, тамашалады. Халық көп жиылған бұл өнер байқауына демеуші болған «Мобил ойл» фирмасы (К.Бурнет).

Бір айға созылған сурет көрмесінің сыры тереңде еді. Сарыарканың кіндігі саналатын Қарағанды сияқты үлкен қаладағы таланттардың тамаша туындыларынан туған жер мен туған елге деген ыстық сағыныштарын байқаған әрбір көрермен суретшілерге үлкен алғыстарын айтып, еңбектерін жоғары бағалады.

Көрменің үшінші күні менің есіме осыдан 20 жылдай бұрын салған суретім түсіп. Мұхтар Әуезов мұражайына бардым. Мұражайға сыйлаған «Бота беру» атты сол суретім дәл бүгіндері бар ма, жоқ па деген ойлардың жетегімен жақындай түстім. Келсем мұражай жабық тұр екен. Жөндеу жүріп жатқанға ұқсайды. «Бұған не болған?» деген күдікті оймен көшеге қайта шықтым. Бұл араға кірер кезде ауланың қарын күреп жатқан бір орта жастан асқан азаматты көрген болатынымын. Әлгі адам мұражай қызметкері болар деген үмітпен қасына келдім. Амандасып, танысып алдым. Аты-жөні Талғат Әкімов. Ойлағанымдай мұражай қызметкері болып шықты. Мен одан мұражайдың мұнды тағдырын тәпшіштеп сұрай бастадым. Талғаттың айтуынша, мұражай екі жылдан бері жұмыс істемейді екен. Жөндеуге жабылған. Әзірше үкіметімізде ақша жоқ. Қашан болатыны да белгісіз. Сөйлесе келе мен өзімнің кім екенімді айтып өттім. Бір кезде сурет салып, осы мұражайға тапсырғанымды да тілге тиек қылдым. Сөйтсем бұл кісі мені жақсы біледі екен. 1978 жылы суретті Семейден қалай алып келгенімді, қалай қойғанымды, салғанымды бәрін бірден сайрай жөнелгенде өзім де таңғалдым. «Сіздің салған суретіңіз әлі күнге дейін Ләйла Мұхтарқызының кабинетінде сақтаулы тұр. Көруге де болады»-деді ол кісі елпілдеп. Екеуіміз ентелей басып, кабинетке келдік. Кішкентай бөлме. Ішінде үстел мен шкаф. Үстел басында бейтаныс бір әйел отыр.

Бұрышта Ләйла Мұхтарқызының фотосуреті. Қасында майлы бояумен салынған Ләйланың жас кезіндегі суреті және тұр. Менің салған суретім «Бота беру» шкафтың үстіне тік қойылған. Шкафқа карама-қарсы Ләйла Мұхтарқызының үстелі. Үстел басындағы әлгі әйелмен танысқанымда, ол да мені білетін болып шықты. Ныспысы-Руда Досымбекова. Мұражай қызметкері. Қос қызметкердің кинала отырып айтқан әңгімелерінен бұл араның жағдайы онша мәз емес екенін ұқтым. Менің салған суретімді көрсетіп тұрып Руда маған: «Ләйла Мұхтарқызы осы суретті өте жақсы көретін. Керемет сәтті шыққан туынды» - деп өткен күндерді есіне алды. Мұражайды біраз

аралап, тағы да көп сөйлестік. Қабырғалары әр жерден бір копарылып, бөлмелердің іші бүлініп, дымкылданып кеткен. Көрер көзге тіпті ұят екен.

Ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезовтің де туғанына 100 жыл толу мерейтойы келіп қалды. Әлем таныған алыптың мұражайы өз жерінде неге мұнаяды? Кешегі Абай атамыздың әлемдік деңгейдегі 150 жылдық торқалы тойында қалайша бұл жер қалыпқа келмеген? Неге осындай жағдайға душар болдық? Абай-Мұхтар! Мұхтар- Абай! Алаш еліне адамгершілік пен ар-ұяттың мәңгілік бағдар-шамындай болып кеткен қос тұлға – тұтас дүниені қалай бөлуге кімнің дәті барады?..

Осы ренішпен Мұханның мұражайынан шығып, шешемнің үйіне қалай жаяу келгенімді де білмей қалыппын. Жол бойы «Бота беру» суретіміңнің хикаясын есіме алдым...

Осындай ойда келе жатып, Мұхтар ағамыздың мұражайына да келіп қалыппыз.

Мұражайдың қасындағы жиылған жұршылық Мұратты құшақтай бетінен сүйіп, масаттана қарсы алып жатты. Олардың ішінде бұл жерге бізден бұрын жеткен делегация мүшелері де бар еді.

Мұражайдың сыртқы бейнесі маған бұрынғыдай болып көрінді. Ал ішкі өмірінде біраз экспонаттар өзгертіліп, толықтырылған сияқты.

Мен сол жерде мұражайдың директорымен танысып, әрі мұражайдың сырт бейнесіне қарап бір-екі сурет салып үлгердім. Осы кезде Мұрат, Сергей және кинооператор және тағы бірнеше адамдар бір экспонатты көріп, талқылай бастады. Мен де олардың жандарына жақындап, әлгі экспонатты қарадым. Ол – Мұханның баласы Мұратқа жазған хаты екен. Сәтті көріністі қалт жібермей альбомымды ала салып, Мұраттың әке хатын оқып жатқан кезін суретке сала қойдым.

Мұражаймен толық танысканнан кейін директорына өзімнің «Ізгілік» және «Ахат» кітаптарымды ескерткіш ретінде сыйға тарттым.

Онан соң Мұратпен бірге. Мұраттың атасы – Омархан және әжесі – Нұржамалдың кесенесіне бардық. Қасымызда молда бар еді, ол кісі кесене басында дұға бағыштады. Сергей мен кинооператор осы сәттердің бәрін түсіріп алып жүрді.

Түс кезінде біздерге арнап киіз үйдің ішінде түскі ас берілді. Отырған қонақтардың арасында Қайым ағамыз, жазушы Кәмен Оразалин, Хафиз Матаев және де көптеген белгілі адамдар бар еді.

Дастархан басында Мұхана арналған жақсы лебіздер мен игі тілектер айтылып жатты.

Тамақтан кейін мен рұқсат сұрап, жұмыс бабымен Қарағандыға қайтпақшы болдым. Мұратпен қоштаса тұрып: өзімнің Қарағандыдағы мекен-жайымды бердім. Екеуіміз де осы екі күннің ішінде тез тіл табысып, сырлас достарға айналып үлгергендейміз. Тіпті қоштасар сәтте Мұрат та, мен де бір-бірімізді қымай көңіліміз босап қалды.

Менің екі күннен бері атсалысып, бірге жүргеніме үлкен алғысын білдірген Мұрат, сол жерде Мұханның Алматыда болатын үлкен тойына алдын-ала шақырып, та қойды.

Бөріліден 10-15 шақырым ұзаған соң машинаны тоқтатып, артымда қалып бара жатқан қасиетті мекенге қымай ұзақ қарадым...

Қандай ғажап, керемет жер. Сағыныш ойнаған сары дала, аласа келген таулар. Елімізді дүние жүзіне танытқан Мұхандай данышпан адамды бергенің үшін саған мың да бір рақмет! Иншалла, денім сау болса, Мұханның 110 жылдығына да келермін. Кім біледі?.. - дейді ішкі бір ойым, үнсіз жатқан сары далаға үмітпен қарап.

Сөйтіп, уақыттың аздығына байланысты сол жылы Қарауылға бара алмадым.

Мұхтар Әуезовтің 100 жылдық мерейтойы Алматыда 24-28 қыркүйек аралығында болатын болды. Оған Қарағанды облысынан 6 адам барды. Ұшактан түскен бетте бізді «Қазақфильмнің» адамдары қарсы алды. Оларға біздің делегацияны қамқорлыққа алуды тапсырған екен. Қарсы алушылар құшак-құшак гүл шоқтарымен бізді 3-4 машинаға отырғызып, «Қазақстан» қонақ үйіне алып келді.

Мен од араға келе салысымен Мәкен апайға телефон соқтым да: өзімнің осында екендігімді, не себеппен келгенімді айттым.

Сөйтсем, Мәкен апай ауырып қалған екен. Мұхаң тойына бара алмайтынына өте өкініп жатқанға ұқсады. «Уақытым болса, кіріп шығармын» дедім мен де телефон арқылы. Ертенінде 25 қыркүйек күні таңғы сағат онда «Мұхтар Әуезов – XX ғасырдың ұлы суреткері» деп аталатын Республика Ғылым академиясының мерейтойлық сессиясына қатыстық. Ұлттық Ғылым Академиясының мәжіліс залында адамдар өте көп болды.

Бір кезде қарсы алдымнан академияда қызмет істейтін Гүлжазира дейтін қарындасым кездесе кетіп: «Мәке, Мәке, сізді Мұрат Мұхтарұлы іздеп жүр ғой, келді ме екен деп...» деді. Мен көпшіліктің арасынан іздеп жүріп Мұратты тауып алдым. Екеуіміз де бір-бірімізді көп жылдар бойы көрмегендей, сағынышпен

кұшақтастық. Мұрат пен әкесінің тойына келгендігіме қуанып, рақметін айтып жатыр. «Алпыным. Мұратжан-ау, бұл той жалпы халықтың, яғни бәріміздің де мейрам-тойымыз емес пе!» деймін мен де ішкі қуаныш сезімімді жасыра алмай.

Осы төрт күннің ішінде Мұражайда, театрда, сурет көрмесінде, әкесінің бейіт басында талай рет кездестім. Тек қана, календарлық жоспардың тығыздығымен Мәкен апайға бара алған жоқпын.

Мұхтар Әуезовтің 100 жылдық мерейтойынан кейін 1998 жылы Мұрат бір жолдасымен қызмет бабымен Қарағандыға соғып, біздің үйге келіп кеткен болатын. Сол күні жолдасымды көріп, әңгімесін тындап, бір рахатқа бөлендім. Әңгімелесе келе, ол өзінің ой-пікірін қазіргі Қазақстан туралы өрбітті.

- Бәріміз бүгінгі заманда еліміздің болашағына жауаптымыз,-деп бастады Мұрат. Қазақстан өзінің байлығымен, халқы мен жерімен, күшті тәуелсіз мемлекет болуға тиіс. Егерде біздер, қазіргі күнде қоғамымызда пайда болған тромб «Временщиковосты» жоймай, оларды құртпай тыныштық болмайды. Қоғамдағы болып жатқан қиыншылықтыр осыған байланысты. «Временщиктарға» үкімет кездейсоқ келеді. Олар үкіметті адал еңбегімен патриоттық сезіммен алмайды. «Временщиктер» ұрлаудан басқаны білмейді, ойлары халықты алдау, өз қамдарын жақсартып баю. Олардың жаратылысы демократияның, үлкеннің, кішісінің мағынасын түсінбейді. Демократия кереметі де емес! «Временщиктер» – эклекті (эклетичны) жануарлар.

Олардың қолдан келетіндегі бар нәрсені құрытып, қиратып жою, жаңадан іске тұрмайтын қызып, құластырып іске қосу. Мысалы: Ұлттық Ғылым Академиясын, оқу білім министрствосымен, пединститутты, физкультура институтымен қосып, университет жасау әдеттері сияқты т.б....

Елімізде болып жатқан қиын жағдайларды (приватизация, халықтың тұрмыс жағдайлары т.б) «временщиктер» «переходной период» пен транзитті қоғам ұақыты дейді. Қиыншылықтардың бәрі осыған байланысты деп есептейді. Осылай айтудың себебі өз қамдарын, жағдайларын ойлау. Бұған біз жол бермеуіміз керек. Бұл – ұлы сезім. Адамды ажарландырып, нұрландырып, жігерлендіріп жібереді. Қазақ халқының саны тым аз. Сондықтан біз ұлттың сапалы болуын ойлауымыз керек. Ол үшін нағыз білім болуы керек. Тек диплом алу үшін білім қуудың қажеті жоқ. білімнің ұшан-теңіз тереңіне бойтай білуіміз керек.

Алаштың азаматтары «Сегіз қырлы, бір сырлы» болған. Сыры – осы ұлтжандылық. Олар нағыз казак бола білді. Біз казактығымызды жүрегімізбен сезінуге тиіспіз. Өйткені заман катал, -деді Мұрат.

Осы тұрғыдан алғанда жолдасым Мұрат Әуезовтің түрлі филолсофиялық ой-пікірлері мен тұжырымдамалары бүгінгі таңда өзекті болып тұр. Ол асылдың сынығы екенін көрсете білді.

Түскі астан кейін Мұрат пен жодасын поезға отырғызып Алматыға шығарып салдым. Ертенінде КНБ-дан маған телефон соғып: - Сіз Мұрат Әуезовпен кеше жолығыпсыз. Ол қандай жағдаймен Сізге келді?-деп сұралы. Келген себебі, Абай, Шәкәрім, әкесі Мұхтар жайында,-дедім. О заман-ай!

Мұхтар Әуезовтің мерейтойынан келе жатып, Бөріліден 30-шақырымдай жерде орналасқан Арқалық жотасына (Күшікбай кезеңі) келіп тоқтадым. Бұл қасиетті Арқа жотасында шешем Биғайша Орынбасарқызы туған. Күшікбай кезеңі туралы әр сапарымда Ғазизаны Ахат атамнан, Мәкен апайдан, жолдасым Мұрат Әуезовтен, Екейбай аға мен Мархаба апайдан көп еститінмін.

2007 жылы жолдасым Төкен Ибрагимов Смайылұлынан кенес хат алдым.

*Қадірлі Мақаш!*

*Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі С. қаласынан шыққанда көрінетін тау Арқалық деп аталатын, басаяғы он шақырымдай» дегендегі тау яғни жота – Арқалық жотасы. Екінші аты Күшікбай кезеңі дейді. Мына жіберіп отырған сурет Күшікбай кезеңінің, яғни Арқалық кезеңінің Семей жағынан түсірілген Асу кезеңінің көрінісі. Сол жақтағы жота бауырында, Өзіңе мәлім көзді бұлақ бар. Ол көзден әлемге әйгілі жиһангерлер Паллас, Ниллер, Потанин, Достоевский, Семен Тянь-Шанский, Прежевальский сияқты әлемге әйгілі есімдер су ішкен. Қашқар сапарында Шоқан Уәлиханов осында болып түнеп өткен. Бұл жерде Абай бастаған және Шәкәрім, Әуезов, Көкбайлар сан рет аялдап тынығып, түнеп өткен бастау басы. Кейінгі уақыттарда Кеңестің кезінде осы уақытқа дейін осы өңірге аяқ басқан белгілі қалам-қайраткерлері, қоғам-қайраткерлері өнер иелері осы жерге соқпай өткені жоқ. Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов ұрпақтарының бәрі осы жерде сан мәрте болып, көш басында көп мерей-мерекелер сапарына қатысқан. Атап айтсақ Соболев, Сурков, Чаковский, Кугултинева, Абадшидзе, Кулиев, Олжас Сулейменов, Мүсірепов, Мұстафин, Сәбит Мұқанов, Қалижан, Хамит, Қасым, Ғали Орманов, Әбу Сәрсенбаев т.б. әйгілі есімдердің із тобы тағы осы*

бастаудың басында сайрап жатыр. 1927 жылы осы жерде Абайдың ең сүйікті шәкірті екі дүниеде де дос өткен Көкбай Жанатаев осы жерде көз жұмды. Бұл бастаудың суына Шыңғыс Семей арасындағы сор сапардың құрбандықтарының көз жасы да қоса тамған. Олар: 1928 жылғы конфеске, 1932 жылдың аштығы, 1937 жылдың айдау – сүргін құрбандары еді. Бұл жерде қазақтың ардақты ұлдары, Алаштың арыстары: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Ыдырыс Мұстамбаев, Мұхамеджан Тынышбаев т.б. солардың сапарластары осында соғып, Мұхтар Әуезовтің туған топырағы Бөріліге барған, Ақшоқы, Жидебай өңірінде қонып, рухқа тағзым жасаған.

Мақаш! Бала Мұхтар он жасында Бөріліден Семейге алғаш жол тартқан сапарында бірінші кездескен биігі, яғни асуы – осы Күшікбай Асуы, Арқалық биігі еді. Символикалық ұғымда ұлы Мұхтардың әлемдік биігінің ең алғашқы асу басы, бірінші биігі – осы Күшікбай кезеңі, Арқалық асуы. Өйткені Бөрілі осы кезеңнің бар болғаны тура отыз шақырым. Ол Бөріліден немересіне бота жетектетіп, Өзің сурет салғансың.

Күшікбай асуына көтерілгенде содан елу шақырым жердегі Абайдың кіндік қаны тамған – Сырт Қасқабұлақ елестей бастайды. Одан әрі Шыңғыс қатпарының арғы сыртында Шәкәрім шошаласы, қаза тапқан Бақанас, Қарақұдық ойдан белгі бере бастайтыны тағы бар. Мынау жіберіп отырған суреттегі көрініс, меніңше, елестетіп ақыл қосқаным ғой. Шәкәрім, Абай Көкбай, Әуезов суреттері ұласа келе, анау гобелендік сызба, сонан соң «Қорғансыздың күніндегі» оқиға елестері ұласқанда бір аса понарамалар туса керек.

Ал «Қорғансыздың күні» қазақ прозасын Европа аренасына көтерген газжайып дүние. Сол шығарманың оқиғасы негізінде Ғазизаның тағдыры – зұлымдық пен өктемдік, қатыгездік аямас қарлы үскірік аязды ажал суретшіге аз ой салмаса керек. Кезеңнің оң жағындағы биік басындағы Күшікбайдың зират қорғаны өз алдына үндесіп, понараманы ұлғайтып, аңыздандырып жібермек.

Мақаш! Менің Өзіңе кеңесе кеш ұсынысым осы төңіректе. Понарамаға немесе серияға Өзің білетін Абай ұрпақтарын, Шәкәрім балаларын араластырып қатыстыратын болсаң, ол да Өзіңе байланысты. Сәтті сапар, жемісті табыс тілеймін!

Сәлеммен, Төкен Ибрагимов Смайылұлы.

1.02.2007ж.



Арқалық жота.



Абай ұрпақтары: Ақылбай, Тұрағұл, Әбдірахман.  
к., фломастер, 2022ж.






М.Жұмабаев, Қ.Шәкәрім, С.Торайғыров, А.Байтұрсынов, Көкбай,  
Н.М.Пржевальский, Н.П.Семёнов-Тян-Шанский, Ш.Уәлиханов.  
Қ., фломастер, 2022ж,



Г.Н.Потанин, Ф.М.Достоевский, Ф.Мұстафин, М.Әуезов,  
Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, О.Сүлейменов. Қ., фломастер, 2022ж.




Д.Кугульдинов. И.Абашидзе, К.Кулиев.  
К., фломастер, 1975ж.



Аркалык жотасын басып өткен эйгілі жиһангерлер, белгілі каламгерлер, қоғам-қайраткерлері, өнер иелері Абай, Шәкәрім, М.Әуезов және олардың ұрпақтары. Қ., фломастер, 2022ж.



Күшікбай кезеңі. Эскиз. Қ., қарындаш, 2007ж.



Күшікбай кезеңі. Қ., м, б., 2007 ж.

Төкен Аркалық Күшікбай кезені Мұхтар үшін қаншалықты ерекше екенін жазды. Аркалық. Күшікбай кезені. Бала Мұхтардың қала оқуы сапарындағы тұңғыш қадамының алғашқы асуы. Санкт-Петербургке жалғасқан оқу жолының да, алғашқы асу басы да осы кезең. Ауылды қимай жан-жағына жаутаңдап сыры мәлімсіз қала бетіне жасқана аттанған жас шәкірт баланың келте асуы – аласа кезеңнен басталар сапары неткен ұлы тілеулі, өміршең баталы жол еді десенізші!

Қозы-лақ, төл-тума, құлын-тайы мен құлжа-топай, қыналы асықтарын қимай аттанған қадамы: Семей – Орынбор – Омбы – Тәшкент – Қызылорда – Санкт-Петербург – Мәскеу – Алматы – Лондон – Нью-Йорк – Вашингтон – Токио – Дели – Семей – Алматы болып жалғасып, әлем шарлатып жүре берерінен ол күні қаперсіз екені де рас.

Ол кездегі оның көңіл сағынышының астанасы – Бөрілі. Сондықтан да әр жол қаладан Бөрілідегі ауылын, әжесін, аяулы атасын аңсай оралған шақтарына тәтті жылылық үстеп асыққан көңілді жақындата түсер куәгер – үнсіз «сезімталы», қасқайып қарсы алып кезеңіне көтерер биік те – осы Аркалықтың биігі.

Кезеңіне көтерілген сәтте-ақ, «Даланың көңілсіз ұзақ жолында қажып келе жатқан...» - деп өзі жазғандай, жеткізбей, жете алмай келе жатқан ыстық ұя – ауылы да жарқ етіп шалынып қалатын. Ендігі отыз шақырым онай, қол ұсыным қасында «Әне, ана Қанайдың қалың қарағанды алқабынан өте шығып, кезең асса болды. Іргесі тиіп тұрғандай» сезілетін. Бала көңіл ауылға асық, ыстық мейір құшағына ұмтылады, өз діттеген көңілінде өзге-өзгенің бәрі де ұмыт.

Әрине әр жол жетіп, үстінен өткенде жол жағасы төбе басындағы бейбіт қоған сұлбасына арнап қол жайып, бет сипау – дағдылы әдет. Келе-келе сұлбадан суыртпақал талған сырлы аңыз, аянышты халдер әңгімесі жадына ұялай бастаған. Ойды жаулап, бойды шымырлатқан шытырман шығарлы хал-күйлер көкірегіне ұялап, зердесіне ұйып қана қалмаған; таланттың зерде сарайы буына жуынып жасанып, зерлі көркем ой сарабы сыр болып, ұлы көкіректі тулатып жарған құс болып ұшып шыққан; жан ұғар жүректерге жол тартқан. Ұлы суреткердің ұлы сапарының төл басы да, жол басы – «Қорғансыздың күндігіндегі» бар оқиға осы жерде тау кезені бауыры мен асуында арпалыспен өткен. Ажалға жіп жалғаған жазықсыз жандар, аянышты ғұмырлар оба белгі сұлбасына сіңіп тынған. Ал ол оба қойыны өз сырын: өрлік өкініші мен көкірек күрсінісін, көкірек діріл көз жасын, қамауда құмыққан үндерін 1922 жылы жарық әлемге «Қорғансыздың

күні» өзегімен жария еткен. Қазақ прозасының біртуар шерлі тағдыр шедеврi – көркем сөздің зер күймасы осылай дүниеге келген.

Қосымша «Қорғансыздың күнінен» үзінді жіберді:

*Даланың көңілсіз ұзақ жолында қажып келе жатқан керуенге Арқалық алыстан көрініп, дәмелендіріп тұрады. Жолдың аузында көлденең созылып жатқан тұрқы он шақырымдай болғанмен еңсіз кереге сықылды, жалғыз туыс, не бауыры, не сыр сыртында ықтыртын жоқ асқаяқ. .... жағдай, жалғыз қабат болған соң, қыс күнінде жел терістіктен соқса да, оңынан соқса да паналығы жоқ: 1. «Қызыл Қазақсан», 1921-1922, 3-4 сандары азынап тұрады.*

*... өзге жер ашық боп тұрғанда, ... бауыры көбінесе бораннан босамайтын.*

*... қыс басынан қарлы болып, малға панасы жоқ болғандықтан, бауырын жайлаған ел малын өлтіріп, өзге ел аман отырғанда, шолақ жұттың құрығынан құтылмайтын.*

*Арқалықтың жолы асатын кезең – Күшікпай кезеңі деп аталады. Дәл қара жолдың аузында, .... кішілеу биігінің басында тастан үйген оба секілді жалғыз мола бар. Сол мола Кү-2.(М.Әуезов. Қорғансыздың күні, Орынбор, 1922 жыл). Шікпай батырдікі. Кезең де сол себепті Күшікпай атымен аталады.*

*Бейіттен жарты шақырымдай жерде тұрған екі кішкене қора да бейіт секілді мүләйім пішінденген....*

*Біресе өкіріп, 3. (М.Әуезов. Ескілік көленкесінде, 1935), біресе гүлдеп, құтырынып ұйтқып соққан қатты жел Ғазизаға: «жүр-жүр!» дегендей болып дедектетіп алып жүріп кетті...*

*Ғазизаның көңілінде қалған ойдың ең ақырғы бұйрығы: әкесі мен бауырының бейітіне барып, екеуінің арасында отырып зарлау!... кешірген қасіретін шығару, азабын, дертін айту. Ғазиза бейітті бетіне алып: «А құдай, ендігі бар тілегім – осы көкемнің басына жеткіз!» - деп жүріп кетті.*

*Жиылған ағайындары көп іздемей-ақ екі жас бейіттің арасында өлік болып қалған Ғазизаның сүйегін тауып алды. Үстіндегі онсыз да жұқа киімдері әр жерге шашылып қалыпты. Ғазизаның шашы азырақ дудырап қапты.*

*Балалық жүзінде: «Мен де жазық жоқ, мен тазамын», - ашық тазалықтың белгісі қайғы-қасіреттен сейілген жас баланың ажары бар.*

*Жауыздықтың жас құрбаны қасіретке толы өмірінің азапты ақ түтегінен адасып өліп, мәңгі толас тапқандай («Ол азаптан, қайғыдан, жауыз зұлымдықтан құтылған. Ол – әулие»)...*

4. Хрестоматия. 1940.

5. М.Әуезов. Таңдамалы, V том, 1956. (М.Әуезов. Шығармалар, он екі томдық, Бірінші том, «жазушы», Алматы, 1967, 29 (420) бет.

6. М.Әуезов. Қараш-Қараш, Алматы, 1960.

Биыл 2022 жылы қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, ғұлама ғалымы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 125 жылдығын тойладық.

Жазушының мерейтойына байланысты жолдасым Төкен Ибрагимовтың кеңесі бойынша Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесіне сурет салуға жоспар жасадым:

*1. С. қаласының оңтүстігін жайлаған елдің қалаға қатынасатын қара жолының үстінде Арқалық деген тау бар. Даланың көңілсіз ұзақ жолында қажып келе жатқан керуенге Арқалық алыстан көрініп, дәмелендіріп, тұрады. Жолдың аузында көлденең созылып жатқан тұрқы он шақырымдай болғанмен, еңсіз кереге сықылды, жалғыз тау. Не бауыры, не сыртында ықтыртын жоқ ысқаяқ. Арқалық жадағай, жалғыз қабат болған соң, қыс күнінде жел терсінен соқса да, оңынан соқса да паналығы жоқ, азынап тұрады. Қыстың басынан екі жағын қар алып, жұмыртқадай қылып тегістеп тастайды.*

*Сондықтан өзге жер ашық болып тұрғанда, Арқалықтың бауыры көбінесе бораннан босамайтын. Алыстан қарағанда да, Арқалық бұдыры жоқ жалаңаш, көруге аса көңілсіз.*

*Январь айының аяқ кезі. Күн батуға тақап қалған мезгіл.*

*Күннің қызыл сәулесі даланы да, тауды да өз өңіне кіргізген. Күнбатыс жақтан бораған ұсақ қар да күн астынан қызғылттанып көрінеді.*

*Жоғарыда айтылған Күшікбайдан асатын қара жолдың үстінде Арқалықты бетіне алып, қала жақтан бір пар атты келе жатыр. Жайдақ сары шанаға биіктеп салған жеңіл жүгі бар, жақсы киінген екі жігіт. Сылаң еті бар екі қоңыр ат қажығандығын білдірмей, көшір жігіт божы қаққан сайын ығыса жөнеліп, сары желіп келе жатыр.*

*2. Жолаушының бірінің торғын тысты жаңа түлкі тымағы бар. Қалың киімнің сыртынан киген мол сұр шапанының жағасы қара барқыт. Аяғында байпағының қонышын барқытпен көмкерген жаңа қара етік. Алғашқы көрген жерден-ақ «мынау мырзасы екен» дегізгендей.*



Бұл жігіттің жасы отыз шамасында. Орта бойлы, дөңгелек денелі, қысқалау мұртты, шоқша сақалды, сұрғылт беті дөңгелек, жалпақтау. Суық қарайтын қисық біткен, кішілеу өткір көзінде және түксиген қабағында өзгеше қаталдық бар. Кішкене мұрны көз, қабағына үйлеспейді. Бұл адамның күлгендегі пішіні құмарлыққа көп салынғандығын білдіріп тұрады.

Бұл жігіт – Ж.-ның болысы Ақан мырза. Қалаға қазынаның алымын салуға барып, жұмыстарын түгел бітіріп, үйіне қайтып келе жатқан беті. Қасындағы Қалтай – ерте күннен жанынан тастамайтын жолдасы. Ақан болыс болғаннан бері қарай атшабар қылып, бұрынғысынан да жақын ұстайтын. Қалтай – аса пысық, сөзге ұста, қалжыңқой, әсіресе Ақанның түндегі жүрісіне өте ыңғайлы, әрі жылпос, әрі тілді ер жігіт еді.

Осылай алыс жолдан жалтығып, тоңып, ығы кетіп қырындап келе жатқан жолаушыларға Күшікбай кезеңінің түбінде бір жіңішке қара сызық секілденіп Қанайдың жалғыз қорасы көрінді.

3. Бұл үйдің барлық жаны – үш-ақ әйел. Пештің жанында біріне-бірі тығылып, бүрсііп отыр. Әйелдердің біреуі – сексеннен асқан, кәрілігі әбден жеткен кемпір, екіншісі қырықтың шамасындағы әйел, үшіншісі он үш жастағы қыз.

4. Күндегі әдетпен белгілі уайымның соңында бишара әйелдер отырғанда, ауыз үйдің есігі ашылды. Үшеуі бірдей : «бұ кім?» деп есікке қарағанда, бұлар отырған үйдің де есігі ашылып, үйге түлкі тымақ, жақсы киімдер киген екі қонақ кіріп келді.

5. Ақан мен Қалтай бұл әңгіме айтылып отырғанда, жайланып шынтақтап, жантайып жатып, анда-санда көздерін Ғазизаға жіберіп қойып, қадағалап қарап отырды.

Бірталай уақыт өтті. Қонақтар тамағын ішіп жайланып, біраз отырған соң, жатуға ыңғайланып, тысқа шығуға айналды.

6. Кемпір қонақтарды әуелдегі сый көрген, құрметтеген көңілмен Ғазизаға: «Қарағым, қонақтардың атына шөп керек қой; өзің шам алып бірге шығып, шөп алатын жерді көрсетіп бер»-деді. Ақан қораның ішіндегі бір есіктің аузында қалып, Қалтай мен Ғазиза шам ұстап, пішен қораның ішіне кірді. Пішен қораның бұл жері қораның ішінен қатынасатын, жаңадан желініп жүрген кішкене үңгір еді. Барлық кеңдігі бір-ақ кісі сыйғандай, төбесі аласа бір қуыс. Ғазиза шам ұстап ауызда тұрды.

7. Қалтай пішен қораның ішіне кірісімен шөпке қарамай, үлкен жұмысы ол емес, басқа нәрсе екенін сездіріп, өңі өзгеріп, өтірік күліп құланып, әдепсіз мінезге түсіп, ойындағы дайындап алған сөздерін

сөйлей бастады. Ғазизаның алдында сескенген ойы Қалтайдың не айтпағын сезіп, қатты ашуланып, бір жағынан, намыстанғандай болып, сөзінің аяғын бітіртпестен: - Сенің ойыңдағы сұмдығыңды білмей тұрмын ба? Аулақ жүр! Мен сенің мазақ қылатын кісің емеспін! – деп, лампыны жерге қойып, жөнеле берді.

8. Ғазиза сол бетімен жүзгіріп, екінші қораның есігінен шыға бергенде, есік алдында екеуінің сөзін естіп тұрған Ақан ұстай алды. Ғазизаның әуелде үрейі ұшып кетіп, есін жиып алғанша, Ақан көтеріп пішен қораның қуысына алып келді. Қалтай шамды өшіріп жіберіп, қораның ішіне қарай кетіп қалды. Дүниені қараңғылық басты.

9. Ғазиза зорлықтан босағанда, есі ауыңқырап, көңліне дүние дүниелігін жоғалтқандай, өзінен алыстап бара жатқандай болып көрінді. Бұл сезім – бұл уақытқа шейін көңліне келмеген аса жат бір суық сезім. Биіктен тайғанап құлап келе жатқандағы сезімдей, бір түрлі шолақ, ұғымсыз. Не қыларын білмей, өксіп-өксіп жылап, жерден басын көтерген қалпында отырып қалды.

10. Бірталай отырған соң, ептеп есі кіре бастағандай болды. Қайғылы бір сыр көрге бірге-ақ кетсін дегендей болып, тысқа шықты. Күн әуелгі қалпынша: ақтүтек боп борап тұр. Біресе өкіріп, біресе гүілдеп, құтырынып ұйтқып соққан қатты жел Ғазизаға: «жүр-жүр!» дегендей болып, дедектетіп алып жүріп кетті.

11. Ғазиза келетін уақыт болды. Бірақ көп уақыт өтсе де, келген жоқ.

Әйелдер де, дауыстың естілмейтінін білген соң, ішінен зор қауіпке түсіп, зарлап тұрды. Бұлардың бар дәрмені айғай болғандықтан, қайта-қайта айғайласып еді. Көп уақыт өтті.

- Е, тәңірі, жоқ болды, өлді, - деп, әйелдер зар салып, дауыс айтып, үйге кірді.

12. Ғазиза енді суық, қатал табиғаттың еркінде. Өмірінің ақырғы қалған жанары қай жерде, қай уақытта сөнері белгісіз. Суық жел жұқа киімнің ішіне кіріп, кеулеп, ығын кетіріп, жауратып, ықтыра бастады. Ғазизаның көңілінде қалған ойдың ең ақырғы бұйрығы: әкесі мен бауырының бейітіне барып, екеуінің арасында отырып зарлау! Дүниеде жетім болып, жалғыз қалғандағы басынан кешірген қасіретін шығару, азабын, дертін айту. Ғазиза бейітті бетіне алып: «А, құдай, ендігі бар тілегім – осы көкемнің басына жеткіз!» - деп жүріп кетті.

13. Жыылған ағайындар көп іздемей-ақ, екі жас бейіттің арасында өлік болып жатқан Ғазизаның сүйегін тауып алды.

*Үстіндегі онсыз да жұқа киімдері әр жерге шашылып қалыпты. Ғазизаның шашы азырақ дудырап қалыпты. Денесінің жартысын қар басқан. Әкесінің бейітіне жабысып, қасіретті өмірдің ақырғы қуатын сол жерде берген. Өлер сағатына шейін қабағын басқан қайғы бұл уақытта жадыраған, ізі қалған жоқ. Балалық жүзінде: «Менде жазық жоқ, мен тазамын» деген ашық тазалықтың белгісі, қайғы-қасіреттен сейілген жас баланың ажары бар.*

*Жауыздықтың жас құрбаны қасіретке толы өмірінің азапты ақтүтегінен адасып өліп, мәңгі толас тапқандай.*

### *Сөз соңы*

Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі «С» қаласынан шыққанда көрінетін тау Арқалық деп аталатын, бас-аяғы «он шақырымдай» дегендегі тау, яғни жота – Арқалық жотасы. Осы жотадан 30 шақырымдай жерде өзі туып-өскен ыстық ұясы «Бөрілі» тұр. 1908 ж. Он бір жасар Мұхтар Бөріліден Семейге Қасымбек қасында бес кластық училищеге аттанған сапарында бірінші кездескен асуы осы Арқалық жотасы болатын. Ал «Қорғансыздың күні» әңгімесі осы жотамен байланысты. Бұл проза Мұхтар Әуезовті Еуропа аренасына көтерген алғашқы ғажайып шығарманың бірі. Ғазизаның тағдырында орын алған зұлымдық пен өктемдік, катыгездік пен арамдық – кеңес үкіметі кезінде қазақ халқының талай рет басынан өткізген мүшкіл күйі. Қаршадай қызға төнген кара бұлт – жалғыз Ғазизаның пешенесіне жазылған қайғы-зар емес, тегіс бір ұлттың мұн-мұқтажына ұласқан қасірет еді.

1931-1933 жж. Қазақ даласында аштықтан көз жұмғандардың саны 2млн. жуық болды. 1 млн. астам қазақ Қытай мен Монғолияға асып, Ирак пен Ауғанды пана етті, тағдырдың тәлкегін тәуекел қылды.

1937-1938 жылдар – қазақты Абай мен Шәкәрім ұрпағынан, Алаш арыстары мен көзі ашық, бас көтерер зиялы ұл-қызынан айырған, ошағын ойрандап, отын сөндірген қуғын-сүргін жылдары, қазақ даласының етегіне сор боп жабысқан сұрапыл кезең. Осы жылдар «Өрмекші», «Күшікбай кезеңі» атты суреттерімде көрініс тапқан.

Зобалаң жылдардың (1931-1933, 1937) бар азабын басынан өткізген Шыңғыстау адамдарының жолы осы Арқалық жотамен өткен. Бұл туралы Шыңғыстаудың ауыр күндерін көзі көрген, куәсі болған Камила Ғафурқызы (Шәкәрімнің немересі) былай дейді: «Ол кезде Шыңғыстау маған дүниедегі ең жаман қорқынышты жердің

бірі болып көрінетін. Жылап тұрып: «Алла, егер ажалдан аман қалсам, осы жерге қайта оралтып келтірме», - деп жабарынатыным әлі күнге дейін есімде. Кейде алыста жүріп, елді, туған жерімді сағынамын, алайда баруға жүрегім дауаламайды, батылым жетпейді. Өйткені ойымда Шыңғыстау оқиғаларының бояуы әлі де кеппеген. Елге барған кезімде тек Абай мен Шәкәрім бейітіне барып қайтатынымын. Қарауылға да сокпастан, Талдықорған обылысына тез оралатынымын. Оған себеп, «Шыңғыстау дүниедегі ең қорқынышты жердің бірі» деген көңілден кетпейтін сол бұрынғы жаман ой, - деп Камила Ғафурқызы баяндайтындай, қиын қорқынышты жылдардан кейін Абай елінің атом, сутегі бомбаларын сынайтын алаңға айналғанына қырық жылдай болды. Жидебайдан 120 шақырым жердегі Дегелең тауында 467 рет ядорлық және термоядырлық жарылыс жасалды. Жерді тоздырып елді аздырған, жаман ауруларға шалдықтырған жылдардың азабын әлі де тарту дамыз.

Бұл тақырыпқа байланысты «Абай жері» суреті пайда болды.

Абай еліне барған сапарымда (1975, 1977, 1979 жж.) Аркалық жотасына тоқтап, бұлақтың мөлдіріне қанып, біраз демалып, анамның туған жерінде оны еске түсіріп, мольбертімді жайғастырып қойып, мал бағып жүрген казак балаларының тіршілігіне жаным ашып, терең ой тербелісінде отыратын кездерім көп болды. Кенес заманында өкімет жоспары бойынша «Қазақстанда ірі мал басы 50 млн артық болуы керек» - деп казак жастарына мал бактырып қоятын, олардың болашағын ойламайтын. Осы сапарымның бірінде «Ойға шому» суретін салған болатынымын.

Анам Биғайша Орынбасарқызы Аркат бойында туып өскен. Руы – Тобықты, оның ішінде Мамай. Сол замандағы Кең қоныстағы Орынбасар деген кісінің ауылынан деп ойлаймын.

Анамның тірі кезінде (1995 ж.) «Аркаттың қай жерінде тудың» - деп те сұрамаппын. Өкінішті! Шешемнің туған жеріне арнап «Аркат. Абай жері», «Аркаттағы күз» деген суреттерімді салдым.

Аркалық жотасынан 50 шақырымдай жерде «Сырт Қасқа-бұлақ» көрінеді. Бұл бұлақ Абайды өмірге әкеліп, ұлы жолға шығарып салған киелі орын. Ұлы акынның кіндік қаны тамған жеріне арналған Сырт «Қасқа-бұлақ», одан кейін Шыңғыс қатпарының арғы сыртындағы Шәкәрімнің «Саят қорасы», қаза тапқан жері – «Бақанас өзені», «Құркұдық» секілді т.б. суреттерім дүниеге келген.

Сурет салу кезінде Мұхтар Әуезовтің тұңғыш баспа бетін көрген әйгілі «Қорғансыздың күні» әңгімесін суретпен бейнелеудің өте күрделі екенін білдім. Себебі Мұхаң – көркем сөздің шебері, шексіз

жатқан көп бояулы палитра. Оны сурет бетінде сөйлету үшін Мұханның ой танымынан, дара талғамынан сыр шерте білу керек. Әңгіме жанрында жазылған бұл шығарманың баяндау тілі, объективтік уақыт шеңберінде шебер ұйымдасқан композициялық әрекеттердің ырғақтық динамикасы, бәрі дерлік – Мұхтар Әуезовтің проза әлемінде теңдессіз тұлға екенінің тағы бір айғағы. Қазақтың біртуар тұлғасы Мұханның туындысын өз шығармашылығыммен біте қайнастырып, үйлесін тауып, иірімін келтіре жатсам, азаматтық-рухани борышымның тағы бір мәрте өтелгені деп білемін.



Арқалықты бетке алып келе жатқан бір пар аттылар. Қ., фломастер, пастель, 2022ж.



Жолаушының бірі – болыс Ақан мырза.  
Қасындағы Қалтай – атшабар жолдасы.  
Қ., фломастер, пастель, 2022ж.



Бұл үйдің барлық жаны – үш-ақ әйел. Қ., м., б., 2022ж.





Әйелдердің біреуі сексеннен асқан кемпір.  
Қ., фломастер, 2022ж.



Үйге екі қонақ кіріп келді. Қ., м., б., 2022ж.



Ақан мен Қалтай Ғазизаны қадағалап қарап отыр.  
Қ., фломастер, пастель, 2022ж.



Ақан, Қалтай және Ғазиза шам ұстап пішен қораға кірді. Қ., м., б., 2022ж.



Ғазиза естіген ауыр сөздерден кейін шамды жерге қойып, жөнеле берді.  
Қ., м., б., 2022ж.



Ғазиза шыға бергенде, есік алдында тұрған Ақан ұстай алды.  
Қ., фломастер, пастель, 2022ж.



Ғазизаның шарасыз күйі. Қ., фломастер, пастель, 2022ж.



Қатты соққан жел Ғазизаға "жүр-жүр!" дегендей ала жөнелді.  
Қ., фломастер, пастель, 2022ж.





Кемпір баласын шақырып айғайлай бастады. Қ., фломастер, пастель, 2022ж.




Ғазизаның ойындағы соңғы бұйрық – әкесі мен бауырының бейітіне тез жетіп, екеуіне зар-мұнын шағу. Қ., фломастер, пастель, 2022ж.



Жиылған айындары Ғазизаның сүйегін бейіттің арасынан тауып алды.  
Қ., фломастер, пастель, 2022ж.



Өрмекші. К., м., б., 1995ж.




Абай жері. К., м., б., 1995ж.



Елім-ай. К., м., б., 1995ж.



Ойға шому. К., м., б., 1979ж.




Арқат. Абай жері (анамның туған жері).  
К., м., б., 1996ж.






Қасқабұлақ жотасы. Осы мөлдір бұлақтың басында Абай дүниеге келген. К., м., б., 2003ж.




Шәкәрімнің Саят қорасы  
Қ., фломастер, 1975ж.



Бақанас өзені. К., м., б., 2003ж.



"Құркұдық" сериясынан.  
Қ., линогравюра, 1997ж.



XX ғасыр. Ақын қазасы. К., м., б., 1996ж.

